

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

«Алматы энергетика және байланыс университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

**К.О.ЖЕКЕЕВА**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ**

Оқу құралы

Алматы  
АЭЖБУ  
2020

ӘОЖ 809.434.2(075.8)

Ж 42

Пікір білдірушілер:

Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
филология ғылымдарының докторы, профессор

**Ш.М.Мажитаева**

Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
филология ғылымдарының кандидаты, профессор

**К.А. Төлеубаева**

АЭЖБУ тіл білімдері кафедрасы педогогика ғылымдарының кандидаты, доцент

**Р.Қ.Бөкейханова**

Алматы энергетика және байланыс университетінің Ғылыми кеңесі басуға ұсынды( ). АЭЖБУ 2019ж. ведомостік әдебиеттер басылымдарын шығарудың тақырыптық жоспары бойынша басылады, реті

**К.О.Жекеева**

**К** Қазақ тілі (В-1 деңгейі). Оқу құралы (техникалық жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған)/ К.О.Жекеева – Алматы: АЭЖБУ, 20149. – 85-б: кесте – 5, сурет – 3, әдеб.көрсеткіші – 18 атау.

**ISBN 978-6017939-38-0**

Ұсынылып отырған оқу құралы студенттердің сауатты кәсіби тілін дамыту болғандықтан, берілген материалдар тыңдап түсіну, оқып түсіну, жаза білу және сөйлей білу қабілеттерін арттырады. Берілген мәтіндердің тәрбиелік мәні зор, студенттердің тілін дамытуы үшін өте қажетті.

Оқу құралы орыс тілінде білім алатын техникалық жоғары оқу орындарының студенттері мен қазақ тілін өз бетімен үйренушілерге арналған.

**ӘОЖ  
КБЖ**

**ISBN**

АЭЖБУ, 2019  
Жекеева К.О., 2019

**АЛҒЫ СӨЗ**

Ұсынылып отырған оқу құралы жоғары және (немесе) жоғары оқу орындарынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін «Қазақ тілі» жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы бойынша қазақ тілін меңгерудің орта деңгейі (B1) бойынша әзірленген. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту халықаралық стандартқа сай деңгейлік, коммуникативтік-бағдарлы оқыту әдістемесіне негізделуі қажет. Сондықтан оқу материалдарында қазақ тілін B-1 деңгейінде оқытуға арналған лексикалық және грамматикалық тақырыптар беріліп отыр.

Берілген оқу материалдарында B1-орта деңгейіне арналған сөйлесім, оқылым, тыңдалым, жазылым материалдары, мамандықтары бойынша мәтіндер, грамматикалық тапсырмалар берілген.

Лексикалық, грамматикалық тақырыптар жаңа типтік бағдарлама бойынша жеңілден күрделіге қарай сұрыпталып алынған және грамматиканы бекіту мақсатында тыңдалым мен оқылым әрекеттерін дамытуға арналған мәтіндерде грамматикалық элементтер берілген. Сұхбаттар мен жағдаяттық тапсырмалар студенттердің сөйлесім мен айтылым әрекеттерін дамытуға бағытталған.

Оқу құралында мәтіндер, жекелеген сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер, сұхбаттар, өлең жолдарынан үзінділер, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер барынша іріктеліп алынды. Оқу материалдары мен тапсырмалар жоғары оқу орындарының бағдарламасы бойынша өтілетін лексикалық және грамматикалық тақырыптарға негізделі отырып құрастырылды.

Сондай-ақ, ұсынылған материалдар қызықты әрі тартымды, танымдық мәні бар, күнделікті өмірмен тығыз байланысты сұрыпталып алынған.

# 1 Жеке тұлға. Зат есімнің септік жүйесі. Қабыса, матаса байланысқан зат есімді тіркестер.

## Жеке тұлға

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі бойынша Жеке тұлға – Қазақстан Республикасының немесе басқа мемлекеттің азаматы, сондай-ақ азаматтығы жоқ адам. Яғни, «жеке тұлға» ұғымы «азамат» деген ұғымға тең мағынада қолданылады.

Жеке тұлға әлеуметтік қатынастарға түсіп, саналы іс-әрекетке бара алады. Ол өзі үшін, өзі өмір сүретін қоғам үшін, өз мемлекеті үшін керек. Мұны әр азамат жақсы түсінуі қажет. Нашар материалдан құрылыс нысаны салынбайтыны сияқты, жеке тұлға қалыптаспаған елден мемлекет те шықпайды. Сондықтан да кез келген мемлекет адамдардың азаматтығына, біліміне, денсаулығына аса мән береді. Мемлекет үшін демография да маңызды, сәбилердің денсаулығы да, студенттің сапалы білімі де маңызды.

Адамның жеке тұлға болып қалыптасуының негізгі факторы – тәрбие. «Тәрбие - тал бесіктен». Жастайынан алған тәрбиесі дұрыс бала дұрыс азамат болып шығады. Әсіресе, тірлікті емес, бірлікті артық көретін патриоттық тәрбие керек.

### Тапсырмалар:

1.1. Жаңа сөздерді оқып, есте сақтаңыз, жазып алыңыз:

1.2. Мәтінді оқыңыз.

1.3. Екінші абзацты толықтырыңыз. Қандай ақпарат қосар едіңіз?

1.4. Сұрақтарға жауап жазыңыз:

- ✓ «Жеке тұлға» дегеніміз не?
- ✓ Саналы іс-әрекет дегенге нені жатқызар едіңіз?
- ✓ Адамның өмірі «тал бесіктен жер бесікке дейін» ғана екен. Осындағы «тал бесік», «жер бесік» дегенді қалай түсінуге болады?
- ✓ Тәрбие неге тал бесіктен басталады?

1.5. Мына мақалды қалай түсіндірер едіңіз:

- Ер азамат белгісі: түзде – мырза, үйде – құл.
- Сіздің бойыңызда осындай белгі бар ма?

1.6. Септіктерді еске түсіріңіз. Септік жалғауларының мағыналарына назар аударыңыз.

### 1. Септіктер

Септік атаулары	Сұрақтары	Жалғаулары
Атау септік.	Кім? Не?	
Ілік септік.	Кімнің? Ненің?	-ның/-нің, -дың/-дің, -тың/-тің

Барыс септік.	Кімге? Неге? Қайда?	-ға/-ге, -қа/-ке, -а/-е, -на/-не
Табыс септік.	Кімді? Нені?	-ын/-ін/-н
Жатыс септік.	Кімде? Неде? Қай жерде?	-на/-не, -да/-де, -та/-те, -нда/-нде
Шығыс септік.	Кімнен? Неден? Қайдан?	-нан/-нен, -дан/-ден, -тан/-тен
Көмектес септік.	Кіммен? Немен?	-мен/-бен/-пен

2. Кестені толтырыңыз. Берілген үлгі бойынша азамат, қоғам сөздерін жазып шығыңыз.

Септік атаулары	Сөздер	Сөз тіркестері	Сөйлемдер
Атау септік	ел	.....	.....
Ілік септік	ел+ дің	елдің азаматы	Ол осы елдің азаматы.
Барыс септік	ел + ...	.....	.....
Табыс септік	ел + ...	.....	.....
Жатыс септік	ел + ...	.....	.....
Шығыс септік	ел + ...	.....	.....
Көмектес септік	ел + ...	.....	.....

1.7. «Мен Қазақстан Республикасының азаматымын» тақырыбына жазба жұмысын жазып келіңіз.

1.8. Мәтінді түсініп оқыңыз. Сөйлемдердегі септік жалғаулары бар сөздерді өзі тіркескен сөзбен бірге көшіріп жазыңыз.

### АҚЫЛ

Ақыл – дүниедегі ең асыл қасиеттердің бірі. Басқа қасиеттер құрып кесе де, ақыл қалады. Адам ақылымен бай екенін халық ертегілері де құптайды. Қызыр дарып, басына Бақ қонса да, Ақыл болмаса ұзаққа бармайсың. Адамдар басқалардың сөздеріне намыстанып, кейбір жағдайларды ақылға салып таразыламайды.

Ақылмен әрекет ету – бір жағдайдың нәтижесін бағалап, сарапқа салу. «Ашу – пышақ, ақыл - алтын» демекші, ақылдылық сабыр сақтауды керек етеді.

Сөздік:

ақыл - ум

бақ - счастье

асыл қасиет - дорогое достоинство

сабыр сақтау - проявить терпение

1.9. Оқыңыз, қарамен жазылған сөздерге сұрақ қойып, олардың қай септікте тұрғанын анықтаңыз.

Мен бүгін **Дананы** көрдім. Ол менің **мекен-жайымды** сұрады. Дана **маған** өзінің мекен-жайын берді. **Ол** мені театрға шақырды. **Менде** екі билет бар. Асқар **менен** екі билет сатып алды. Дана **менімен** театрға барды.

1.10. Мақалдарды оқып, мағынасын түсіндіріңіз. Сөздердің қай септікте тұрғанын анықтаңыз.

2. Ердің сәні – білім, жердің сәні – егін.
3. Отанын сүйген отқа жанбайды, суға батпайды.
4. Еңбектің малы тәтті, жалқаудың жаны тәтті.
5. Ақылды бала өсірсең, әулетің абырой алар.
6. Еліңді сүйсең, ерлік істейсің.

1.11. Сөйлемдердегі көп нүктенің орнына септік жалғауларын қойып көшіріп жазыңыз. Қарамен жазылған сөздер тәуелдіктің нешінші жағында тұр?

**Шешем...** әкесі Түгелбай Үйгентас ауданындағы Көкжар... Ресей... көшіп келіп орналасқан орыстар... **малы...** бағып, **шөбі...** шауып, жал... жүріп, олар... **тілі...** үйренген екен. Осы орысша тіл білген... арқасында Верный (Алматы) қаласы... думасы... төменгі Шынжылы өңіріндегі би, болыстар... тілмашы болған. **Нағашым...** әкесі Түгелбай марқұм жалғыз ұлы... еш нәрсе аямаған. Арабия... келген үлкен молда... жалдап, баласы... арабша оқытқан. Нағашым Абай мен Шәкәрім... **өлеңдері...** де өзі... тән ырғағы..., мәнері... жат... айтатын.

*Ж. Балапанов*

**2 Отбасындағы сыйластық. Жалпы және жалқы зат есімдер. Көптік жалғаулы сөздің тәуелденуі. Жіктік жалғау, жіктік жалғаудың көптік формасы.**

**Отбасындағы сыйластық**

Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер.  
Мақал.

Отбасы – адам баласының өсіп-өнетін, ержететін, тәрбие алатын қасиетті алтын бесігі. Адамзат ұрпағына отбасының ықпалы мен әсерін өмірдегі басқа ешнәрсенің күшімен салыстыруға болмайды.

Отбасы, негізінен, үш ұрпақтан тұрады. Ол – ата, әке, бала. Әке – әулет басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы. Отбасындағы бала тәрбиесінде, әсіресе, ұл тәрбиесінде әкенің орны ерекше. Әке балаға сыншы.

Бала тәрбиесінде ана да маңызды рөлге ие. Ана бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді. Ана – мейірім, ана - адалдық, ана - дос, ана - сырлас. Әкені әулет басшысы ететін де, баланы мейірімге бөлейтін де – ананың махаббаты, ананың тәрбиесі. Тәрбиесі дұрыс отбасында сыйластық та орын алады. Сыйластық – барлығының негізі.

Отбасындағы сыйластық жасы кішінің жасы үлкенді құрметтеуіне, бірінші болып амандасуына, ұл баланың қыз балаға жол беруіне, сөз әдебін сақтауына, отбасы мүшелерінің дұрыс қарым-қатынасына құрылады.

Сыйластық туралы қазақ халқында былай дейді: «үлкенге – ізет, кішіге - құрмет», «ана алдында – құрмет, ата алдында - қызмет», «мейірімі мол ананың жүрегі жылы, қолы кең, кең пейілді атаның жүзі жылы, жолы кең», «сыйласқанның суын іш», «сыйлап берген су тәтті», «атасыз үй батасыз, анасыз үй панасыз».

Сыйластық орнаған отбасынан әке көрген ұл, шеше көрген қыз өсіп шығады. Яғни, «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесін».

### **Тапсырмалар:**

2.1. Жаңа сөздерді оқып, есте сақтаңыз, жазып алыңыз: **өсіп-өну, ержету, ықпал, әсер, әулет, қамқоршы, сыншы, тербетеді, мейірімге бөлейді, жасы үлкенді құрметтеу, жол беру, сөз әдебі, қолы кең.**

2.2. Мәтінді оқыңыз.

2.3. Мәтіндегі көптік жалғаулы және жіктік жалғаулы сөздерді теріп жазыңыз.

2.4. Мына тақырыптар бойынша ассоциограмма жасаңыз:

- Отбасылық сыйластықтың түрлері.
- Отбасылық сыйластықтың сақталмауының салдарынан пайда болған орындар.

2.5. Сұрақтарға жауап беріңіз:

- Отбасы дегеніміз не? Отбасы мен жеке тұлға, отбасы мен ұлт, отбасы мен мемлекет байланыстары қандай?
- “Отбасы – шағын мемлекет” екенін негіздеңіздер. Неліктен?

2.6. Отбасындағы сыйластықтарды сақтау үшін қажетті шарттарды атаныздар.

2.7. Мақалдардың тиісті мағыналарын табыңыз. Жаттап алыңыз.

Сыйласқанның суын іш.	И вода кажется вкусной, если подать ее с заботой.
Атасыз үй батасыз, анасыз үй панасыз.	Мать нужно уважать, отцу надо служить.
Сыйлап берген су тәтті.	Из рук уважаемого человека и простую воду пить приятно.
Ана алдында – құрмет, ата алдында – қызмет.	Дом без отца – дом без благословения, дом без матери – дом без покровителя.

2.8. Бала, дос, қамқоршы сөздерін жекеше, көпше түрде жіктеңіз.

2.9. Өз отбасыңыздағы сыйластық туралы не айтар едіңіз.

2.10. Мәтінді оқып, отбасы туралы әңгімелесіңіз.

Отбасы – әр адамның алтын ұясы. Отбасы ұрпақтарға ұлттық дәстүрлерді қалыптастыруда маңызды орын алады. Қазақ отбасында ұл баланы, қыз баланы тәрбиелеуге үлкен орын беріледі. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер». Отбасында ұл балаға үйдің күрделі, ірі жұмыстарын үйретеді. Қыз балаға тамақ істеу, үй ұстау дағдыларын қалыптастырады.

- “Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер”, “жеті атасын білмеген - жетесіз”, “жақсыдан жақсы туар жарқылдаған, қарғадан қарға туар қарқылдаған”, “жақсыдан жаман туады бір аяқ асқа алғысыз, жаманнан жақсы туады адам айтса нанғысыз” түсініктеріне салыстырмалы талдау жасаңыз.
- Қазақ отбасында қалыптасқан сыйластықтардың ұлт іргетасын қалаудағы маңызы неде деп ойлайсыз?

• **Жағдаяттық тапсырма.**

Әмір осыдан сегіз жыл бұрын үйленген. Басында бәрі жақсы еді. Анасы қайтыс болған соң, ауылдағы әкесін қалаға, өз үйіне алып келді. Келіншегі Адина Әмірге тура қарап ештеңе айтпағанымен, бір-екі рет әкесі туралы сөз қозғалса, шытынап қалатынын байқаған. Бір күні Әмір жұмыстан келгенде әкесі киімдерін жинап дайын отыр екен. Баласының «қайда жиналдығыз» деген сөзіне қарт әке “сендер ала таңнан қара кешке дейін жұмыстасындар, балалар балабақшада, мен жалғыз өзім зерігемін, сондықтан қарттар үйіне барсам, өзім қатарлас үлкендермен қауқылдасып, сұхбаттасып отырамын ғой” деп жауап берді. Отбасылық қандай мәселе туралы айтылып отыр?



2.11. Жаттығу бойынша келесі сөйлемдерді аяқтаңыз және оны өз сөзіңізбен толықтырыңыз.

Отбасы - ... . Отбасы ұрпақтарға ...маңызды орын алады. Қазақ отбасында ... . «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген қазақ мақалы ... . Отбасында ұл балаға ... . Отбасында қыз балаға ... .

2.12. Берілген бата сөздердің мағынасын түсіндіріңіз. Бата сөздерін жаттап алыңыз.

### Алтын сөз

Жүйрік тілді ақын бол!	Ұсақ болма, ірі бол!
Жақсыларға жақын бол!	Өз ортаңның гүлі бол!
Достарыңмен тату бол!	Ата-анаңның көзінің
Дұшпаныңа қату бол!	Сөнбейтұғын нұры бол!
	(Н.Айтов)

Сіз өз өміріңізде қандай бата сөздерді естідіңіз. Қандай бата сөздер жиі айтылады? 3-4 мысал жазыңыз.

2.13. Мәтінді оқып, қазақ отбасы және қазақстандық отбасы туралы әңгімелесіңіз.

### Қара шаңырақ

Қазақ отбасында кенже бала (ұл) шаңырақ иесі. Кенже бала отбасындағы ең кіші бала, кіші ұл. Кенже бала әке-шешесімен бірге тұрады. Кенже баланың өз отбасы болғанымен де ата-анасымен бірге тұрады. Кенже бала – қара шаңырақ иесі. Қара шаңырақ – үлкен үй, әке-шеше үйі.

1. «Қара шаңырақ» сөзіне түсінік беріңіз және мысал сөйлем келтіріңіз.
2. Қазақ отбасындағы кенже баланың рөлі қандай екеніне мысал келтіріңіз.

## 3 Менің мамандығым – менің болашағым. Есімдіктер, олардың түрлері және септелу ерекшеліктері.

### Менің мамандығым – менің болашағым

Кәсіп түбі – нәсіп.  
Мақал.

«Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң, арқалан.

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Тетігін тап та, бар, қалан» дейді хәкім Абай. Адам ер жетіп, оң-солын таныған соң, белгілі бір кәсіп түрін меңгеруге ұмтылады. Ондағы мақсат: біріншіден, материалдық жағдайыңды жақсартасың, екіншіден, жаңа білімді, жаңа өнерді меңгересің, үшіншіден, уақытыңды тиімді өткізесің, төртіншіден, жаңа орта қалыптастырасың. Сонда кәсіп адамның тән рахатын да, жан рахатын да табуына негіз бола алады. Тән рахаты – тамақ, киім, керек-жарақ алатын қаражатыңның болуы, жан рахаты – өзіңе ұнайтын ісіңнің, араласатын әріптестеріңнің болуы. Сондықтан да мамандық – адамның болашағы.

Ал, адам қандай мамандықты таңдауы керек? Мамандықтың қандай түрлері бар? Мамандық таңдайтын адам алдымен өзінің қабілетін, мүмкіндігін, қызығушылығын ескергені дұрыс. Мысалы, ән айтқанды, ел алдында өнер көрсеткенді жанымен жақсы көретін адам кітапханашы бола алмаса керек. Не болмаса, парашюттен секіргенді, экстремальды жағдайларды бастан өткергенді ұнататын адам программист бола алмаса керек.

Мамандық әкеден балаға мирас болып та қала алады. Мысалы, мүсін жасау, ұсталық, зергерлік, ағаш ою (ағаштан түрлі бұйымдар жасау) тағы басқа. Мұндай қабілет адамда еш оқусыз, ешқандай дипломсыз да болады. «Сүтпен сіңген қасиет сүйекпен кетеді» деген сөз осыған дәлел. Ал, Сіздің мамандығыңыз қандай?..

### **Тапсырмалар:**

3.1. Жаңа сөздерді оқып, есте сақтаңыз, жазып алыңыз: **әсемпаз, өнерпаз, ұмтылады, меңгересің, керек-жарақ, тән рахаты, жан рахаты, араласатын әріптестерің, қабілет, мүмкіндік, қызығушылық, мүсін жасау, ұсталық, зергерлік, ағаш ою, сүтпен сіңген қасиет.**

3.2. Мәтінді оқыңыз.

3.3. Мәтін бойынша сұрақтар құраңыз.

3.4. Есімдіктерді еске түсіріңіз.

Есімдіктер заттың атын, сынын, санын білдірмейді, бірақ солардың орнына жұмсалады. Есімдіктер зат есімдерше көптеледі, септеледі, жіктеледі, тәуелденеді, кейде сын есімдерше түрленеді. Мағыналық түрлері: жіктеу, сілтеу, сұрау, белгісіздік, болымсыздық, жалпылау, өздік есімдіктері.

3.5. Мәтіндегі есімдіктің түрлерін табыңыз.

3.6. *Мен, сен, ол* есімдіктерін септеңіз. Есімдіктердің септелу ерекшеліктеріне назар аударыңыз.

3.7. *Сол, бұл* сөздерін септеңіз, жіктеңіз, тәуелденіңіз, көптеңіз.

3.8. «Менің мамандығым – менің болашағым» тақырыбына сұхбат жазыңыз.

3.9. Мамандық туралы әңгімелеңіз.

3.10. Мамандық туралы төменде берілген ақпараттармен танысыңыз. Өз ойыңызды айтыңыз.

## **Әлем бойынша ең қауіпті деп танылған мамандықтар:**

1. Кенші. Жыл сайын жұмыс кезінде орта есеппен алғанда 50-60 кенші қаза болады. Мұндай жағдайлар көбіне көмір шығару кезінде болатын жердің опырылуынан және де газ бен метанға уланудың әсерінен болып жатады.
2. Өрт сөндіруші. Өрт сөндірушілердің қажырлы дайындықтан өтіп, төтенше жағдайлардың алдын алу жолдарын үйренгендеріне қарамастан, түрлі жарақаттар алу мен апатқа ұшырау мүмкіндіктері өте жоғары.
3. Көп қабатты ғимараттардың терезелерін жуушы. Бұл өте қауіпті іс және терезе жуушылар міндетті түрде арнайы дайындықтан өтулері қажет.
5. Биіктікте жұмыс істейтін электрмонтажшылар. Өте сирек кездесетін мамандық. Біле білсеңіздер, мұндай жоғары вольтті линиялардағы жұмыстардың көбі жалаңаш қолмен атқарылады.
6. Сапер. 1996-2002 жылдар аралығында минасыздандыру жұмыстары кезінде 500-ден аса адам қаза тапқан.
7. Мұнай ұңғыларын бұрғылау. Аталған мамандық әркімнің қолынан келе бермейді. Себебі тәулігіне 12 сағат жанғыштық қасиетімен ерекшеленетін материалдармен жұмыс істеу өте қауіпті. Бұған қоса, бұрғылаушылар жағалаудан жүздеген километр қашықтықта, өркениеттен аулақ дерлік жерде жұмыс істейді.

3.11. Берілген есімдіктермен сөйлемдер құрастырыңыз.

**Күллі, әлдене, біраз, сіздер, ешбір, әлдекім, сол, қалай, барша.**

3.12. Мына сөздер мен сөз тіркестерінің қазақ тіліндегі баламасын табыңыз және сөйлем құрастырыңыз.

- Выбор профессии –
- Инициатива –
- Мировые информационные ресурсы –
- Тесно связано –
- Рынок информационных товаров и услуг –
- Системы межпрограммного взаимодействия –
- Чтобы увидеть своими глазами –
- Языки экспертных систем –
- Основы мультимедийных технологий –
- Уделять особое внимание –
- Компьютерное вычисление –
- Телекоммуникация в ИС –
- Электронная коммерция –
- Информационные технологии в управлении –
- Системное программирование –

3.13.Төменде берілген сұрақтарға жауап беріңіз, өз мамандығыңыздың болашағы туралы ой бөлісіңіз.

1. Мамандық таңдау дегеніміз не?
2. Ақпараттық экономика дәуәрінде қандай төңкеріс орын алды?
3. Нарық жағдайында ақпарат қандай жаңа қасиеттерді иеленді?
4. «Ақпараттық жүйе» мамандығының болашақ мамандары неге көңіл аударулары керек?

### **Қызық екен!**

#### **Ерекше мамандықтар**

Арман сатушы. Чикаго компанияларының бірі адамның кез-келген арманын орындаумен айналысады. Бар керегі кеңсеге келіп, не жайлы армандайтыныңызды айтып, маман айтқан соманы төлеуіңіз керек. Бірақ, арманды орындаудың ең төменгі сомасы 150,000 доллар екенін ұмытпаңыз.

Допты қадағалаушы. Мұндай мамандықты үлкен гольф-клубтарда кездестіруге болады. Оның жұмысы гольф алаңында кездейсоқ жатқан доптың болмауын қадағалау.

Құмырсқа ұстаушы. Оның міндеті жасанды құмырсқа фермаларында тұқымды жалғауға қызмет ететін құмырсқаның ерекше түрлерін таңдап алу.

Иіскеуші. Бұл мамандық дезодорант шығаратын кейбір компанияларда бар. Иіскеушілер эксперимент жасалып жатқан адамның қолтығына дезодорантты шашып, бір күн бойы оның иісі қалай өзгеретінін қадағалайды.

Әңгімелесуші. Олар Токионың адам ең көп аудандарында отырып, кез-келген адамның сырын тыңдап, әңгімелеседі. Бір аптада әңгімелесуге 10000 қала тұрғыны қонаққа келеді.

Ал, сіздің мамандығыңыз қандай?

## **4 Қоғам және жастар. Салыстыру құрылымдары.**

### **Қоғам және жастар**

Ел боламын десең, бесігіңді түзе.

М.О. Әуезов.

Жастар – қоғамның негізгі қозғаушы күші. Жастар – елдің, мемлекеттің іргетасы. Болашағын ойлайтын ел іргетасының берік болғанын, жастардың бәсекеге қабілетті болғанын қалайды. Олардың денсаулығы, білімі, әлеуметтік жағдайы, қызығушылығы – бәрі-бәрі назарда болады.

2004 жылы Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заң қабылдады. Мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттары: қолжетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ету, ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту, денсаулық сақтау, салауатты өмір салтын ұстану, жұмыспен қамту, жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту.

Қазақстан Республикасы – жас мемлекет. Тұрғындарының басым бөлігін жастар құрайды. Сондықтан да мемлекетте жастарға арналған бағдарламалар мен жобалар өте көп. Мұнан бөлек, 2019 жылды Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Жастар жылы» деп жариялады.

Жастарды жұмыспен қамту мақсатында «Дипломмен ауылға», «Бизнестің жол картасы», «Жұмыспен қамту - 2020», «7-20-25», т.б. бағдарламалар іске асырылып келеді.

Табысты еңбек ету үшін сапалы білім алу қажет. Сапалы білім беруге бағытталған «Болашақ» халықаралық стипендиясы, «100 жаңа есім» жобасы, «Серпін» бағдарламасы, «100 жаңа оқулық» жобасы, т.б. бар.

### Тапсырмалар:

4.1. Жаңа сөздерді оқып, есте сақтаңыз, жазып алыңыз: **қозғаушы күш, іргетас, бәсекеге қабілетті, қызығушылық, қолжетімді, салауатты өмір салтын ұстану, табысты.**

4.2. Мәтіннен септік жалғаулы тіркестерді көшіріп жазыңыз.

4.3. Мәтінді оқыңыз.


4.4. Мәтін бойынша сұрақтар құраңыз.

4.5. «Жас келсе, іске» дегенді қалай түсінесіз, ойыңызды жазыңыз.

4.6. Жастарға арналған бағдарламалардың, жобалардың бірі туралы әңгімелеп келіңіз.

4.7. Қоғам және жастар туралы әңгімелеңіз.

4.8. Осы үлгі бойынша «жұмыс, мамандық» сөздерімен сөз тіркестерін жасаңыз, сөйлем құрастырыңыз.



4.9. «Жастар» сөзімен тіркесетін сөздерді тауып, «Жастар және қоғам» тақырыбында сөйлем құрастырыңыз.

А)	ЖАСТАР	балабақшасы саясаты фестивалі құрама командасы дәрігері сәні комитеті сыйлығы	Ә)	ЖАСТАРдың	құқығы мүддесі беті мақсаты парызы  тәрбиесі білімі дамуы
----	--------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------	----	-----------	-----------------------------------------------------------------------------------

		клубы қоғамы			рөлі қалауы таңдауы
--	--	-----------------	--	--	---------------------------

Екі кестедегі сөз тіркестерін орыс тіліне аударып, арасындағы айырмашылықты көрсетіңіз.

4.10. Келесі сөздердің орыс тіліндегі баламасын тауып, қолданыңыз: масыл болу, ынта, күш-жігер, ұмтылыс, бастама, кепіл.

4.11.«Молодые люди в любом обществе должны восприниматься не как бремя, а как наиболее драгоценный ресурс». (К.Аннан).

«Именно энергия и инициативность молодых, их устремленность в будущее во многом станут залогом успеха наших инициатив».  
(Н.Ә.Назарбаев).

Саяси тұлғалардың сөзіне баға беріңіз. Мүмкін, өзіңіз дамытып, нақтылайсыз...

4.12.Қазіргі қоғамдағы жастардың ең негізгі 5 проблемасын жазыңыз.

Басты проблемалар	Не себепті
1.	
2.	
3.	
4.	
5.	

4.13.  
Мақал  
-  
мәтелд  
ерді

пайдаланып, сұхбат құрастырыңыз.

- а) Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ.
- ә) Білімнің басы – бейнет, соңы – зейнет.
- б) Талап – тұлпар.

### Жағдаяттық тапсырма

Айталық, сіз электр энергетикасы институтының директорысыз. Сіз 1 курс студенттерімен кездесіп, жаңа оқу жылымен құттықтаңыз, институт туралы айтыңыз.

4.14.Берілген сөздермен жұмыс жасаңыз. Тыңдаңыз. Оқып, жазылуына көңіл бөліңіз.Сөз тіркестерін құрастырыңыз: тапшылық, қарамай, аз уақыттың ішінде, жарқын, болашақ, шешім, жағасы, танымастай.

## **5 Бірінші байлық – денсаулық. Ұлттық тағамның пайдасы. Жалқы және жалпы, деректі және дерексіз ұғымдар.**

Дені саудың – жаны сау.  
Мақал.

### **Бірінші байлық – денсаулық**

Қазақта «бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық» деген сөз бар. Бұл - дұрыс сөз. Денсаулық дегеніміз – адам жаны мен тәнінің амандығы. Дені сау адам өзі үшін де, ол өмір сүріп жатқан қоғам үшін де керек. Қоғамдағы жұмыстарды денсаулығы бар адам ғана атқара алады.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде». Ол үшін жас ұрпақтың салауатты өмір сүруіне жағдай жасау керек. Ұлттық тәрбие ізгілікке, парасаттылыққа, инабаттылыққа, алкогольді қолданбауға, бұзақылық жасамауға үйретеді. Кейбір жастар темекі, ішімдік, нашақорлық тәрізді жаман қылықтармен айналысады. Бұл олардың болашағына, денсаулығына кері әсері етеді. Мұндай жағдайлар болмас үшін нашақорлық пен ішімдікке қарсы күрес жүргізу ұйымдары жұмыс жүргізеді. Болашақта бақытты болғысы келетін азаматтар өз денсаулықтары үшін дене шынықтыру жаттығуларымен және спортпен жиі айналысуы керек. Сонымен қатар ХХІ ғасырдың ең қауіпті, зиянды ауруларының бірі ЖИТС-ке қарсы, эболаға қарсы күрес жүргізілуі керек. Азаматтар әрқашанда бұл жаман дерттердің қалай таралатынын білуі тиіс. Қазақстан Республикасында дені сау, білімді, бәсекеге қабілетті азаматтар өмір сүрсе, болашақта мемлекеттің гүлденетініне ешкімнің күмәні жоқ.

### **Тапсырмалар:**

5.1. Жаңа сөздерді оқып, есте сақтаңыз, жазып алыңыз: **жаулық, саулық, амандық, жол іздеу, бұзақылық, парасаттылық, инабаттылық, нашақорлық, ішімдік, бәсекеге қабілетті.**

5.2. Мәтінді тыңдаңыздар, оқыңыздар, түсініңіздер.

5.3. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- ✓ Байлыққа нені жатқызар едіңіз? Неліктен?
- ✓ Адамның жақсы өмір сүруіне не кедергі болуы мүмкін?
- ✓ Зиянды әдеттерге адам неліктен үйір болады?
- ✓ Зиянды әрекеттерден аулақ болу үшін адамға қандай қасиеттер керек?
- ✓ Зиянды әдеттерге нелер жатады?

5.4. Мәтіннен жалпы және жалқы зат есімдерді бөліп көрсетіңіз.

5.5. Мына тірек сызбалар арқылы ұсынылған мәтінді толықтырыңыздар.





**1-жағдаят.** Қанат ертең болатын емтиханды ойлап, әбден мазасы кетті. Барлық сұрақтарға тыңғылықты дайындалғандай болды. Бірақ көңіліне сенімсіздік ұялап, мазасыз ойлар бірінен соң бірі тізбектеліп келе берді. Мазасыздықтан арыла алмаған Қанат өзін жайсыз сезінді.

Қанатқа қандай кеңес берер едіңіздер?

**2-жағдаят.** Сенің достарың темекі шегеді. Бірақ сенің темекі шеккің келмейді. Достарың сені темекі шегуге итермелейді. Сен достарыңның көңілін де қимайсың. Не істер едің?

5.7.Мақалдардың сыңарын табыңыз. Жаттап алыңыз.

1. Дені саудың	1. Көзің ауырса, қолыңды тый.
2. Ішің ауырса, аузыңды тый.	2. Ауырмайтын жол ізде.
3. Ауырып ем іздегенше,	3. жүрекке тиеді
4. Тісі саудың	4. емдеу қиын
5. Аурудың бәрі	5. – іші сау
6. Ескі ауруды	6. – адамның арқауы
7. Ас	7. – жаны сау

5.8. Мәтінді оқыңыз.

### Ұлттық тағамның пайдасы

Ас – адамның арқауы.  
Мақал.

Қай халық болмасын дұрыс тамақтануға баса назар аударған. Тағам сіңімді, құнарлы, сапалы, қолжетімді болуы тиіс. Әр ел өзінің тұрған жерінің ерекшелігіне қарай ас мәзірін тағайындаған. Мысалы, теңіз жағалауындағылар теңіз өнімдерін көп қолдануға тырысқан.

Қазақ халқы далалы жерді мекендегендіктен, тағамы да төрт түлікпен, даламен байланысып, көшпелі өмірге икемденген болды.

Қазақтың ұлттық тағамы ет, сүт, ұн өнімдерінен жасалады. Ет тағамдары: қазы, қарта, жал, жая, шұжық, қуырдақ, тұшпара, т.б. Сүт тағамдары: айран, қымыз, шұбат, құрт, ірімшік, сүзбе, май, қоспа, т.б. Ұн тағамдары: бауырсақ, шелпек, таба нан, ши бауырсақ, жент, талқан, бүйрекше, т.б.

Бұл тағамдардың қайсысын алсаңыз да, денсаулыққа өте пайдалы. Тек тамақтану тәртібін сақтаған дұрыс. «Таңғы асты өзің іш, түскі асты досыңмен бөліс, кешкі асты жауыңа бер» деген сөз бар.

Қазақтың даласы кең, солтүстік пен оңтүстіктің, батыс пен шығыстың ауа райы да, жерінің табиғаты да әр алуан. Сондықтан солтүстік өңірлерде ет тағамдары көп қолданылады. Ыстық жерлерде еттен гөрі сусындар, жеміс-жидектер мен көкөністер көп сұранысқа ие. Шығысқа қарағанда батыс өңірлер теңіз өнімдерін мол пайдаланады. Қай өңір қандай тағамды қолданса да, адам ағзасына қажетті дәрумендердің қамтылуын көздеген.

### **Тапсырмалар:**

1. Жаңа сөздерді оқып, есте сақтаңыз, жазып алыңыз: **арқау, сіңімді, құнарлы, қолжетімді, ас мәзірі, икемденген, әр алуан, көкөніс, сұраныс, қамтылуы.**
2. Мәтінді тыңдаңыздар, оқыңыздар, түсініңіздер.
3. Деректі және дерексіз зат есімдерді еске түсіріңіз. Мәтіннен мысалдар келтіріңіз.
4. Қазақ халқының бір ұлттық тағамының дайындалуы туралы жазып келіңіз.
5. Ұлттық тағамның пайдасы туралы әңгімелеңіз.

### **6 Экологиялық таза өнім. Іс-қимылдың объектісі, табыс септік жалғауының түсіріліп қолданылуы, күрделі сөздер (сүт өнімдері, ауылшаруашылығы, қоршаған орта).**

#### **Экологиялық таза өнім**

Еңбегі бардың өнбегі бар.  
Мақал.

Қазіргі уақыт – жаһанданған заман. Жаһанданған заманның халықаралық саудаға қояр талабы басқа. Қазір кез келген мемлекет өзіне қажетті барлық тауарларды өздері шығарып жатпай, оны басқа елден арзан бағамен сатып алуды жолға қойды. Өзі де сондай басқа тауарды арзан бағамен шығаруға тырысып жатыр. Мұндай сапалы, арзан өнімдерді халықаралық нарыққа шығару қандай да бір елдің басты мұраты.

Қазақстанның халықаралық нарықтағы негізгі позициялары – мұнай, уран, түрлі металдар, бидай және тағы осы секілді шикізат. Шикізатты сыртқа сатып, қажетті заттарды сырттан әкелеміз. Алдымызда 2025 жылға қарай шикізаттық емес экспортты екі есе ұлғайту міндеті тұр.

Қазақстан әлемдегі экспорттаушы саналатын 50 елдің қатарына кіреді. Халықаралық нарықта Қазақстанның уран экспорты бірінші орында тұр. Ұнның экспортынан – 2, титан экспортынан 3-орындамыз. Мұнан басқа көмір, темір, тағы да басқа тауарлар экспортталады. Қазақстанда шығарылған электровоздар мен тепловоздар Түркіменстанға, Тәжікстанға, Әзербайжанға, Қырғызстанға экспортталды. Талдықорғанда шығарылған аккумуляторлар Африкаға жол тартты. Бүгінде Қазақстан әлемнің 117 еліне тауар экспорттай бастады.

Экологиялық таза өнімнің құрамында зиянды заттар дәстүрлі өнімдерге қарағанда аз. Бұлар - сапасы бойынша нормативті құжаттарға сәйкес өнімдер. Экологиялық таза өнімдер экологиялық таза аумақта қосымша тыңайтқыштарсыз, табиғи шикізаттардан алынады. Экологиялық таза өнім ұғымы 1924 жылы Р.Штайнердің теориялық негіздеуімен қалыптасты.

Бүкіл әлемде экологиялық таза өнімге сұраныс жыл сайын орта есеппен 20-30 пайызға артып отыр. Қазақстан өзін әлемдік аренада органикалық экологиялық таза тағам өндіретін ел ретінде танытуы керек. Бұған мол мүмкіндік бар. Өйткені Еуропада, Иранда, Араб Әмірліктерінде, Қытайда, Кореяда Қазақстанның экоөнімдері танымал бола бастады.

### Тапсырмалар:

6.1. Жаңа сөздерді оқып, есте сақтаңыз, жазып алыңыз: **жаһанданған, қояр талап, шығарып жатпай, жолға қойды, тырысып жатыр, басты мұрат, шикізат, ұлғайту, сұраныс, орта есеппен, таза тағам, танымал бола бастады.**

6.2. «Бастады» сөзін көмекші етістік ретінде алып, бірнеше күрделі етістіктер құраңыз. Үлгі: түбір сөз + көсемше көмекші етістік. Мысалы, *шығара бастады, айта бастады, т.б.*

6.3. Мәтінді тыңдаңыздар, оқыңыздар, түсініңіздер.

6.4. Сөйлемдерді толықтырып оқыңыз:

- Жаһанданған заманның халықаралық саудаға қояр . . . басқа.
- Қазір кез келген мемлекет өзіне қажетті барлық тауарларды өздері шығарып жатпай, оны басқа елден арзан бағамен . . . . . жолға қойды.
- Мұндай сапалы, арзан өнімдерді . . . . . шығару қандай да бір елдің басты мұраты.
- Қазақстанның халықаралық нарықтағы негізгі позициялары – мұнай, уран, түрлі металдар, бидай және тағы осы секілді . . . . .
- Шикізатты сыртқа сатып, қажетті заттарды сырттан . . . . .
- Алдымызда 2025 жылға қарай . . . . . экспортты екі есе ұлғайту міндеті тұр.

6.5. «Экологиялық таза емес өнім» тақырыбына сұхбат құрыңыздар. Әлеуметтік желілерде көптеп таралып жүрген ақпараттарды қолданыңыздар.

6.6. Мәтіндегі табыс септігі жалғауы бар сөздерді теріп жазыңыз.

6.7. Табыс септік жалғауының түсіріліп қолданылуын еске түсіріңіз. Сызба бойынша дұрыс нұсқаны табыңыз.

Өнім	шығару
Қазақстан	тыңда
Экспорт	өндіру
Шикізат	тану

Сөз	аламыз
3-орын	ұлғайту

6.8. Күрделі сөздерді еске түсіріңіз.

6.9. Тақырып бойынша әңгімелеңіз.

6.10. Қазақтың ұлттық тағамдарының атауларын теріп жазыңыз.

Бауырсақ, борщ, ірімшік, құрт, қазы, қарта, жал, жая, палау, қымыз, шұбат, қымыз, жент, кукси.

6.11. Жеміс-жидектерді бөлек, көкөністерді бөлек теріп жазыңыз.

Алма, алша, қияр, қызанақ, асқабақ, алмұрт, шие, пияз, сарымсақ, жүзім, жаңғақ, өрік, картоп, қырыққабат, жүгері, бұршақ.

6.12. Мәтінді орыс тіліне аударып, әңгімелеп айтыңыз. Қарамен жазылған сөйлемнің мағынасын түсіндіріңіз. Септік жалғауларына көңіл аударыңыз.

### Нан туралы

Нан – өлең-жырдың арқауы. Барлық заманның ақын-жазушыларының ең тамаша шығармалары нан туралы жазылған.

Күнсіз, сусыз, ауасыз өмір болмайтын сияқты нансыз да өмірдің болуы мүмкін емес.

Бала жастан сіңген санаға,  
Нан – жер, нан – су, нан – ауа да.  
Онда туған жердің жұпар иісі,  
Анамыздың әлдилеген тынысы.

Наннан – өмір, қуат бойды кернеген, - деп болгар ақыны Асхан Баянов айтқан екен.

**Халық:** «Наны бар үстел – тақ, наны жоқ үстел - тақтай», - дейді.

Сөздік:

арқау – основа

сана - сознание

жұпар иіс - аромат

тыныс - дыхание

қуат - сила

ақын - поэт

тақ - трона

6.13. Мақалдарды түсініп оқып, мағыналарына көңіл аударыңыз.

1. Нан – ас төресі.

2. Ас – адамның арқауы.
3. Алтын-күміс тас екен,  
Арпа-бидай ас екен.
4. Астың дәмін кіргізер тұз – әулие  
Алысты жақын етер қыз – әулие.
5. Дастарқаныңда наны жоқтың,  
Тамағының сәні жоқ.

6.14. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

Айран, қатық, сүзбені сиырдың, қойдың сүтінен дайындайды. Түйенің сүтінен шұбат жасайды. Жылқының сүтінен қымыз ашытады. Сиырдың сүтінен дайындалған айран, қатық, құрт, ірімшік денсаулыққа өте пайдалы.

Жылқы етінің адам ағзасына пайдасы зор. Жылқының қазысы мен қартасы, жалы мен жаясы – қазақ дастарқанының сәні.

## **7 Өз өлкенді таны. Жалпы және жалқы зат есімдер. Деректі және дерексіз ұғымдардың атауы. Күрделі атауларда тәуелдік жалғауының қолданылуы.**

### **Өз өлкенді таны**

Туған жердей жер болмас,  
туған елдей ел болмас.

Мақал.

Қазақстан – Еуразия құрлығының ортасында орналасқан мемлекет. Негізінен қоңыржай белдеуді қамтиды. Қазақстан солтүстігінде Ресей Федерациясымен, шығысында Қытаймен, оңтүстігінде Түрікменстанмен, Өзбекстанмен, Қырғызстанмен шектеседі, батысында Каспий теңізі орналасқан.

Республикада 131 ұлт пен ұлыстың өкілдері тұрады. Астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы. Астананың атауы елдің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың құрметіне 2019 жылы Нұр-Сұлтан болып өзгертілді. Әкімшілік жағынан 14 облыстан және республикалық маңызы бар 2 қаладан тұрады.

Мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Ұлттық валютасы – теңге. Теңге айналымға 1993 жылы 15 қарашада енгізілді.

Республика – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Ең жоғарғы өкілді органы – Парламент. Парламент республиканың заң шығару қызметін жүзеге асырады. Парламент тұрақты жұмыс істейтін екі палатадан: Сенаттан және мәжілістен тұрады.

Қазақстанның Конституциялық Кеңесі жеті мүшеден тұрады. Олардың өкілеттігі алты жылға созылады. Конституциялық Кеңестік төрағасын республика президенті тағайындайды.

Республикада сот төрелігін сот қана жүзеге асырады. Сот Қазақстан Республикасының Жоғары соты және жергілікті соттардан тұрады.

Қазақстан кең байтақ, мұнайлы, шұрайлы жерде орналасқан. Оның жер қойнауында Менделеев кестесінің 105 элементінің 99 табылған. Батысында мұнай мен газдың қорлары бар. Бұл арқылы Қазақстан әлемнің ірі мұнай өндіретін мемлекеттерінің қатарына қосыла алады.

### **Тапсырмалар:**

7.1. Жаңа сөздерді оқып, есте сақтаңыз, жазып алыңыз: **қоңыржай белдеу, ұлыс, құрмет, маңыз, айналым, басқару нысаны, өкілді орган, өкілеттік, тағайындайды, сот төрелігі, шұрайлы, мұнайлы, кең байтақ, жер қойнауы.**

7.2. Жаңа сөздермен сөз тіркестерін құраңыздар. Сөйлесімде қолданыңыздар.

7.3. Мәтінді тыңдаңыздар, оқыңыздар, түсініңіздер.

7.4. Өлке сөзінің синонимдерін жазып алыңыз. Сөйлесімде қолданыңыз. *Өлке – аймақ, өңір, атырап, маң.*

7.5. Жалпы және жалқы зат есімдерді, деректі және дерексіз ұғымдарды еске түсіріңіздер. Мәтіннен аталған түрлерге мысалдар келтіріңіздер.

7.6. Мәтіндегі жеті абзацтың ішінен қалаған біреуін толықтырып, қосымша ақпарат қосып әңгімелеңіз.

7.7. Тақырып бойынша сұхбаттасыңыздар. Өз өлкелеріңіз туралы пікір алмасыңыздар. Үлгіні қолданыңыздар. *Үлгі:*

*Алматы - ең әдемі қала. Ол – 1854 жылы бұрынғы «Алмалық» деген қазақ қыстағының орнына салынған Верный бекінісі. Ал 1867 жылы Верный қаласы деп аталады. 1921 жылы Алматы қаласы деп аталды. 1998 жылға дейін Қазақстан мемлекетінің астанасы болып саналды.*

...

7.8. Тақырып бойынша әңгімелеңіз.

### **Жер-Ананы аяла**

«Жер» деген сөздің көп мағынасы бар. Жер дегеніміз – ел, Отан, халық. Адамдар үшін жерде жұмыс істеуден, өз жерін қорғаудан маңызды ештеңе болмаған.

Көпке дейін адамдар табиғатты, жерді өзнене бағындырғысы, табындырғысы келді. Жауды бағындырады, ал адамзаттың тіршілік көзі болған Жер-Ананы бағындыра алмайды! Шындыққа тура қарайтын кез келді, Жер-Ана жаралы.

Ядролық жарылыстар – жер үшін ең қорқынышты қауіп-қатер, Семейде ең алғаш жарылыс 1949 жылдың 29 тамызында жасалыпты. Ал соңғысы 1989 жылдың 19 қыркүйегінде болды. Осы 40 жыл ішінде 470 ядролық жарылыс жасалған. Олардың 90-ы әуеде, 26-сы жер бетінде, қалғаны жерастында өткізілген.

Ойлап қараңызшы, Байқоңыр да сынақ алаңы. Бұған Арал қасіретін қосыңыз.

Қазақстанның барлық аймағы көмекке зәру. Емдейтін, қорғайтын уақыт келді. Осы тұңғықтан шығуға бола ма? Бүгінгі ұрпақ, бұл сіздердің азаматтық көзқарастарыңызға байланысты.

**Сөздік:**

бағындыру, табындыру – властвование, укрощение

тіршілік көзі – источник жизни

қауіп-қатер – опасность, тревога

ядролық жарылыстар – ядерные испытания

зардап шегу – нанести убыток

сынақ алаңы – испытательная зона, полигон

Арал қасіреті – трагедия Арала

көмекке зәру – нуждается в помощи

азаматтық көзқарас – гражданская позиция

7.9. Мәтін бойынша ойтүрткі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақстанның табиғаты қандай?
2. Қазақстанда табиғаты әсем жерлер бар ма?
3. Экологиялық апат, экологиялық дағдарыс туралы не айтасыз?
4. Экологиялық аймақ, елдер туралы не білесіз?

7.10. Төмендегі пікірмен келісесіз бе? Әлде қарсы пікір айтасыз ба?

1. Қазіргі кезде экология туралы көп айтады, жазады, бірақ нәтиже жоқ.
2. Экологиялық апат адамдардың әрекетіне байланысты емес.
3. Жерде табиғат ресурстары шектеусіз.
4. Адамдар табиғат берген байлықты тиімді, үнемдеп пайдаланады.
5. Экологиялық қасірет – экологиялық апат болған жердегі адамдардың қасіреті.
6. Ғылым мен техниканың соңғы жетістіктері қоршаған ортаға тек қана зиян әкеледі.
7. Жер шарын экологиялық апаттардан құтқару үшін адамдар табиғатпен тіл табысуы керек.
8. Жерді Ана деп айта алмаймын.
9. Көшпенділіктің жерге пайдасы мол.

**Жағдаяттық тапсырма**

а) Сізге Ресейден досыңыз келді. Сіз аптаның әр күнін жоспарлаңыз. Досыңызды қашан, қайда апарасыз?

ә) Ертең сіздің досыңыздың туған күні. Ол сізді туған күніне шақырды. Сіз оған не сыйлайсыз? Досыңыз нешеге келді?

б)Ертең сіздің досыңыздың туған күні. Ол Ресейде тұрады. Сіз оған құттықтау хат жіберіңіз.

**8 Табиғат құбылыстары. Мезгіл мағыналы сөздер (қыс, көктем, түсте, кеш батқанда), салыстыру құрылымдарын берудегі қолданысы (Алматыға қарағанда Астана суық, бұған қарағанда, соған қарағанда, осыған қарағанда).**

**Табиғат құбылыстары**

Жауынмен жер көгереді, батамен ер көгереді.

Мақал.

Қазақстан Республикасының табиғаты әр алуан. Мұнда жазық дала, тау, орман, өзен, көлдер кездеседі.

Жетісу өңірінде ақ басты таулар мен одан басталатын сарқырамалар, жидегі мол сайлар мен көгалдар көршілес жатыр. Орталық Қазақстан жазық даласын, ұсақ қыраттарын, әдемі де сирек құстар мекені – Теңізді мақтан етеді. Солтүстік пен Шығыста қарағайлы ормандардың әдемілігі көз тартады.

Табиғатының әр алуандығына орай Қазақстанның табиғат құбылыстары да өзгешеленіп отырады.

Таң атады, жаңбыр жауады, су буға айналады, найзағай ойнайды, құмды жел, аптап ыстық. Жалпы, табиғатта, ауа райында болып жатқан өзгерістер табиғат құбылыстары деп аталады. Табиғат құбылыстары адамның еркінен тыс болады. Табиғат құбылыстары жыл маусымының ауысуына және жердің орналасу ерекшелігіне байланысты өзгеріп отырады.

Жылдың төрт маусымы бар: қыс, көктем, жаз, күз. Қыс мезгіліне тән құбылыстар: қардың жаууы, боранның соғуы, аяздың болуы, ауа температурасының төмендеуі, жердің қатуы, тағы басқалар. Мысалы, «Сарыарқаның сақылдаған сары аязы» деген тіркес бар. Сарыарқа Солтүстік Қазақстан мен Орталық Қазақстанның едәуір бөлігін алып жатыр. Басқа облыстарға қарағанда Сарыарқаның аязы қатты. Қыс айындағы ең төменгі температура кей жерлерде 40<sup>0</sup> С-ден асып кетеді.

Көктемде жер жылынады, қар ериді, жылғалардан су ағады, ағаштар бүршік жарады, Жер-Ана оянады, мал төлдейді, жаңбыр жауады, т.б. Жаз - ең жылы маусым. Кей жерлерде қатты ыстық, температура жоғарылайды. Жазда жер аяғы кеңиді. Күзде күн салқиндайды, жапырақтар сарғаяды, жеміс-жидектер піседі, т.б.

**Тапсырмалар:**

8.1. Жаңа сөздерді оқып, есте сақтаңыз, жазып алыңыз: **сарқырама, жидек, көгал, қырат, көз тартады, бу, аптап ыстық, жыл маусымы, қардың жаууы, боранның соғуы, аяз, қату, едәуір, жылға, бүршік, жер аяғы кеңиді.**



- 8.2. Жаңа сөздермен сөз тіркестерін құраңыздар.
- 8.3. Мәтінді тыңдаңыздар, оқыңыздар, түсініңіздер.
- 8.4. Мезгіл мағынаны берудегі есімшенің ролін еске түсіріңіздер. Берілген тіркестерді есімшенің –ғанда, -генде, -қанда, -кенде формасына салыңыздар: *қардың жаууы, боранның соғуы, аяздың болуы, ауа температурасының төмендеуі, жердің қатуы.*
- 8.5. Сөйлемдерді толықтырыңыз. Өз нұсқаларыңызды ойлап табыңыз. Үлгі. *Басқа облыстарға қарағанда Сарыарқаның аязы қатты.*
- ... қарағанда ... ыстық.
  - ... қарағанда ... суық.
  - ... қарағанда ... жылы.
  - ... қарағанда ... салқын.
  - *Африкада температура өте жоғары, соған қарағанда ...*
  - .....
- 8.6. Тақырып бойынша сұхбаттасыңыздар. Өз өлкелеріңіз туралы пікір алмасыңыздар.
- 8.7. Өзіңізге ұнайтын жыл мезгілі туралы айтыңыз.
- 8.8. Табиғаттың ерекше, таңқаларлық құбылыстары туралы жазып, әңгімелеп келіңіз.
- 8.9. Тақырып бойынша әңгімелеңіз.
- 8.10. Мәтінді оқыңыз. Мәтін негізінде түйіндеме құрастырып, сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтаңыз.

### *Сөйлеу әдебі*

*Әр адамның өз сөйлеу мәнері, сөз ерекшелігі болады. Дегенмен, сөйлескенде адам мынадай қарапайым нәрселерді бойда қалыптастырғаны дұрыс.*

*I. Сөйлеген кезде әр сөздің айтылу заңдылықтарын сақтап, мағынасына орай сөйлемде дұрыс қолдануға дағдылану керек.*

*II. Сөйлесіп отырғанда, пікіріңді айтқанда қолды сермеуге, қатты күлуге, бет-ауызды қатты қимылдатып, жөні жоқ қисаңдата беруге болмайды.*

*III. Өзің туралы көп айта беру, барлық сөзді өзің бастау- ол да әдепсіздікті көрсетеді.*

*IV. Білмейтінің жөнінде айтпа, өзің түсінбейтін сөздерді қолданба.*

*Аса қызынып, тез сөйлеудің көп жағдайда қажеті жоқ. Егер сөйлесіп отырған адам қатты сөйлесе, одан да қатты айғайлап сөйлеуге тырыспау керек. (М. Балақаев)*

- 8.11. Өзіңіздің сөйлеу тіліңізде кездесетін он кемшілікті жазыңыз. Көпшілік алдында сөйлеуге дайындық қажет пе? Қандай дайындық қажет?

8.12. Төмендегі тұрақты тіркестердің мағынасын түсіндіріңіз. Оларды пайдаланып, сұхбат құрастырыңыз.

Айтылған сөз атылған оқ, артына сөз қалдыру, аузының суы құру, аталы сөз, жылы сөз, жез таңдай, ас панға көтеру.

**9 Ұлы мәртебелі уақыт. Іс-қимылдың басталу, аяқталу мерзімі, адам жасының кезеңдерін білдіру, объектілік/субъектілік қатынастарды салыстыру.**

**Уақыт. Мезгіл**

- Қай уақытта ұйқыдан тұрасыз?
- Таңертеңгі сағат 7-де.
- Қай уақытта ұйықтауға жатасыз?
- Түнгі сағат 11 шамасында.
- Жылдың қай мезгілінде демаласыз?
- Жазда, (күзде, күз мезгілінде . . . )
- Дәріс қай күндері болады?
- Сәрсенбіде, жұмада.
- Қашан жол жүресіз?
- Келесі аптада (келесі айда, бір аптадан кейін, . . . )
- Қай кезде кездесеміз?
- Түс кезінде (таңертең, ымырт кезінде, ...)

**Тапсырмалар:**

9.1. Оқып түсініңіз, айтып үйреніңіз.

9.2. Уақыт, мезгілге байланысты сөз тіркестерін сөйлесімде қолданыңыз: *тал түс, түс ауа, ымырт, келесі аптада, келесі айда, сәуірде, ұзақ уақытқа, түс кезінде, ақшам кезінде.*

**Ұлы мәртебелі уақыт**

Уақыт алтыннан қымбат.  
Мақал.

Адам уақытқа тәуелді. Адамның еңбегі, қызметі, жасаған өмірі – бәрі уақытпен өлшенеді. Жетістікке жеткен адам тек еңбекқор, жауапты адам ғана емес, ол - уақытын тиімді пайдаланған адам.

Барлық адамға, қарапайым адамға да, патшаға да тәулігіне 24 сағат қана уақыт беріледі. Осы 24 сағатты кім қалай жаратады? Ол сол адамның өзіне байланысты. Қазақ халқында «жақсыменен өткізген жарты күнің жаманның өтіп кеткен өміріндей» деген сөз бар. Дұрыс айтылған. Адам, біріншіден, өз күнін дұрыс жоспарлай білуі керек. Екіншіден, жақсы адамдармен көбірек араласуы қажет. Жақсы адамның қасында жүрсең, үйренерің көп болады.

Адамның барлығы дүниеге сәби, пәк күйінде келеді. Туылған нәрестелердің барлығы періште. Жылдар өтеді, отбасы, мектеп, ересектер өмірі, қартаю. Бірақ қарт адамның барлығы бір емес. Барлығы бірдей дана, елге сыйлы адам емес. Неге? Қателік қай жерден кетті?

Кей сұрақтардың шешімін табу қиын. Кей қайғыны көтеру мүмкін емес. Қасындағы адамдар кей қиындықты жеңуге көмектесе алмайтын кездер болады. Осындай сәттердегі жалғыз емші – уақыт. Я, уақыт-емші. Бұл уақыттың тағы бір қасиеті.

### **Мысал әңгіме**

Ертеде бір патша өз өнерінің хас шебері, атақты суретшіні шақыртып, тапсырма беріпті. «Жер бетіндегі адамдардың ішінен ең таза, ең пәк, күнәсіз адамның суретін салып әкел» деп. Суретші көп ойланыпты. Ақыры, дүние есігін ашқанына көп болмаған, періште сәбидің суретін салып әкеліпті. Патша риза болыпты. Бірақ екінші тапсырмасы алдыңғысынан қиын еді. «Адамзат баласының ішіндегі ең нашар, ең жауыз, ең сұмпайы адамның суретін салып әкел» депті бұл жолы патша. Суретші күн ойланады, түн ойланады, айлар өтеді, бірнеше ондаған жыл өтеді. Соншалықты жаман адамды табу қиынға соғады. Ақыры шынымен де нашар, шынымен де адам болмайды деген, ұсқынсыз, күнәһарды табады. Сол байғұстың суретін салып отырғанда, әлгі нашар адам суретшіге қарап отырып еңіреп жылайды дейді. «Сен неге жылайсың?» деген сұраққа ол «сенің осыдан қаншама жыл бұрын салған періште, пәк сәбиің мен едім ғой. Қазіргі салып отырған ең жаман адамың да мен болғаныма күйінемін» депті.

Бұл мысалдан шығатын қорытынды: уақыт адамды басқарады. Сен қандай адам болып өмірден өтесің? Белгілі бір деңгейде ол сенің өзіңе де байланысты. Өзіңдегіні бағалай білмесең, уақыт сені қандай қылатынын ескер.

### **Тапсырмалар:**

9.3. Жаңа сөздерді оқып, есте сақтаңыз, жазып алыңыз: **тәуелді, өлшенеді, еңбекқор, жауапты, тиімді, қарапайым, тәулік, жаратады, жоспарлай білу, араласу, пәк, періште, қателік, шешім, қайғы, емші, қасиет.**

9.4. Мәтінді тыңдаңыздар, оқыңыздар, түсініңіздер.

9.5. Бірінші абзацты қайта оқып, толықтырыңыз. Белгілі адамдар өмірінен мысалдар келтіріңіз.

9.6. Мәтіндегі септік жалғауларының қолданысына назар аударыңыз.

9.7. Берілген құрмалас сөйлемдерді толықтырыңыз. Мағыналық түрлерін еске түсіріңіз:

- Адам уақытқа тәуелді, өйткені . . .
- Студент уақытты тиімді пайдаланса, . . .
- Адамның барлығы дүниеге сәби, пәк күйінде келеді, алайда . . .
- Өзіңдегіні бағалай білмесең, . . .

- Уақыты бар адам ең бай адам, өйткені . . .

9.8. Мысал әңгімені оқыңыз. Сіз қандай ойға келдіңіз? Көршіңізбен сұхбаттасыңыз.

9.9. Адам жасын қазақ халқы мүшелмен өлшеген. «Мүшел жас» туралы біліп, ақпарат алып немесе айтып келіңіз.

9.10. Тақырып бойынша әңгімелеңіз.

9.11. Төмендегі ақпаратпен танысыңыз. Уақыттың жауларына Сіз тағы нені жатқызар едіңіз?

### **Уақыттың жаулары:**

- Уақытқа сай күнтізбе жасай алмау;
- Күнделікті 20 минут сайын әлеуметтік желідегі керексіз заттарға үңілу;
- Шешім шығара алмау;
- Дұрыс демалмау, уақытты дұрыс өткізбеу;
- Компьютерлік ойындар мен көгілдір экран;
- Уақытты өзіңе лайық, дұрыс адамдармен өткізуге тырыспау;
- .....

### **Жағдаяттық тапсырмалар**

*а)* Сіз досыңызбен сағат алтыда кездесуге уәде бердіңіз. Бірақ сіз келе алмадыңыз. Досыңыз сізге ренжіді. Досыңызға себебін түсіндіріңіз

*ә)* Сіз таңертең сабаққа 30 минут кешігіп келдіңіз. Себебін түсіндіріңіз.

*б)* Сіздің сағатыңыз тоқтап қалды. Сізге уақыттың қанша болғанын білу керек. Бейтаныс адамнан сағат сұраңыз.

9.12. «Қимыл» ойыны.

Әрқайсысы кезекпен ымдап таңертең не істегенін көрсету керек.

**Міндет:** Сөзбен түсіндіру.

9.13. Берілген үлгі бойынша өзіңіздің күн тәртібіңізді құрастырыңыз.

### ***Менің күн тәртібім.***

Мен таңертең сағат 07.00-де тұрамын, жуынамын, тіс тазалаймын. Сағат 07.25-те таңертеңгі ас ішемін. Сағат 07.50-де үйден шығамын. Сабақ сағат тура 08.30-де басталады. Үлкен үзіліс сағат 10.20-дан 10.50-ге дейін. Сабақ сағат 18.40-та аяқталады. Сабақтан үйге сағат 19.30-да келемін. Сағат 20.00-де кешкі ас ішемін. Сағат 21.30-да кешкі жаңалықтарды көремін. Сағат 22.00-де сабаққа дайындаламын. Сағат 24.00-де ұйықтаймын.

9.14. Төмендегі үлгі бойынша өзіңіздің апта жоспарыңызды құрастырыңыз.

### ***Апта жоспары***

<i>Дүйсенбі</i>	<i>Би үйірмесіне бару</i>
<i>Сейсенбі</i>	<i>Қазақ тілінен қосымша сабаққа бару</i>
<i>Сәрсенбі</i>	<i>Физика пәнінен реферат дайындау</i>
<i>Бейсенбі</i>	<i>Волейбол секциясына бару</i>
<i>Жұма</i>	<i>Мешітке бару</i>
<i>Сенбі</i>	<i>Әжеме бару</i>
<i>Жексенбі</i>	<i>Анама көмектесу</i>

14. Сұрақ-жауап.

Көршіңізбен әңгімелесіңіз. Сіз демалыс күніңізді қалай өткізесіз? Сіз демалыс күніңізді алдын-ала жоспарлайсыз ба?

**16. Есіңізде сақтаңыз!**

**Жеті күнді санау:**

*I.Бүгін*

*II.Ертең*

*III.Бүрсүгүні*

*IV.Арғы күні*

*V.Қасиетті күн*

*VI.Соңғы күн*

*VII.Азына*

*VIII.Түнеукүні – бірнеше күн бұрын*

## **10 Театр және кино өнері. Жалпылау есімдіктері.**

### **Театр және кино өнері**

Өнерлі өрге жүзер.  
Мақал.

Қазақ халқы – өнер сүйген, оны ерекше қастерлеген халық. Ерте кезде-ақ қазақ даласында ән мен күй, өлең мен айтыс, сәулет пен зергерлік өнерлері мықтап дамыған. Театр, көркемсурет және кино өнерлері кейінгі жылдары ғана өрістей бастады.

1926 жылы Қызылордада қазақтың тұңғыш драма театры ашылды. Оның беташары М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасы болды.

Кино өнері қазақ жеріне отызыншы жылдары ғана келді. Б.Майлин, Ғ. Мүсірепов, В.С.Ивановтың бірігіп жазған «Аманкелді» фильмі 1938 жылы экранға шықты.

Қазақ музыка мәдениетінің өсіп, дамуына күш жұмсаған академик А.Жұбанов, композиторлар М.Төлебаев, Қ.Қожамияров, Ғ.Жұбанова, Л.Хамиди, әншілер – КСРО Халық әртістері – Р.Абдуллин, К.Байсейітова, Р.Бағланова, Р.Жаманова, Е.Серкебаев, Б.Төлегенова, Ә.Дінішев, т.б.

Қазақ опералары, симфониялары, күйлері мен әндері дамыды. Қазақтың опера және балет театры, Қазақ филармониясы, Қазақтың академиялық халық аспаптар оркестрі, Қазақтың хор капелласы, симфония оркестрі, Қазақтың классикалық балеті, т.б. жұмыс істеп келеді.

Қазіргі таңда қазақ елінде театр өнері де, кино өнері де өте жақсы дамыған. Бүгінде отандастарымыз соңғы шыққан туындыларға жоғары баға беруде. «Батыр Баян», «Менің балалық шағымның аспаны», «Көшпенділер», «Жаужүрек мың бала», «Құнанбай», т.б. фильмдер халық жақсы қабылдаған туындылар болды.

Біздің қаламызда С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театры, К.С.Станиславский атындағы Қарағанды театры, музыка және комедия театры, «Сарыарқа» кинотеатры, т.б. бар.

### **Тапсырмалар:**

10.1. Жаңа сөздерді оқып, есте сақтаңыз, жазып алыңыз: **өнер сүйген, қастерлеген, зергерлік өнер, күш жұмсаған, туынды, баға беруде, қабылдаған, жаужүрек.**

10.2. Мәтінді тыңдаңыздар, оқыңыздар, түсініңіздер.

10.3. Жалпылау есімдіктерін еске түсіріңіз. Мысалдар келтіріңіз.

10.4. Сұрақтарға жауап беріңіз:

- Кино мен театрдың өмірдегі ролі қандай?
- Қазақтың ұлттық музыка аспаптарын атаңыз.
- Қазақтың тұңғыш драма театры қашан ашылды?
- Алғаш қойылған пьеса қандай пьеса?

10.5. 6-абзацта аталған фильмдердің бірін көріп, сұхбаттасыңыздар.

10.6. М.Әуезов атындағы қазақ драма театрына саяхат жасаңыздар.

10.7. Сізге қандай кино туынды немесе театр қойылымы ұнайды?

10.6. Өзіңізге ұнайтын туынды жайлы жазып, әңгімелеп келіңіз.

10.7. Төменде берілген ақпараттармен танысыңыз. Өз ойыңызды айтыңыз.

Әлемде халықаралық кино күні 28 желтоқсанда аталып өтеді. Себебі дәл осы күні, 1895 жылы ағайынды Луи және Огюст Люмьерлер киноны ойлап тапқан.

10.8. Төмендегі мақал-мәтелдердің мағыналарын түсіндіріңіздер.

1. Анаға қарап қыз өсер,
2. Әкеге қарап – ұл өсер.
3. Ісін сүйген іскер аталар.
4. Қыз – еркем, кестесімен көркем.
5. Өнер тамған он саусақ, үзілмейтін ырысың.
6. Кестені көңіл сызады, қол тігеді, көз сынайды.

10.9. Мәтінді оқып, мағынасы түсініксіз сөздердің аудармасын жазып алыңыздар.

«Өнер – таусылмас азық, жұтамас байлық» дейді халық даналығы. Қазақ халқы өнер мен мәдениетке бай халық. Ата-бабаларымыздан ғасырдан-ғасырға жеткен қазақ өнерінің қай саласы болса да болашақ ұрпаққа үлгі-өнеге. Ән, би, күй, кино, театр өнерімен бірге қазақ халқының қолөнері де ерекше дамыған өнер. Халықтық қолөнер әрбір халықтың заттай және рухани мәдениетінің көрінісі болып табылады. Халықтық қолөнер өзінің көркемдік мағынасымен, бітім-қасиетімен мұқият сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын алтын қазына.

Қазақ қолөнерінің бірнеше салалары бар. Мысалы, ағаш өңдеу, металл, тас, сүйек, мүйіз, тері мен былғарыдан әр түрлі үй бұйымдарын, шаруашылық құрал-саймандарын жасауды ер адамдар атқарды да, әйелдер үлесіне тоқымашылық пен тігіншілік өнері тиді. Әркім өзінің табиғат берген талабына қарай еңбектенеді. Көшпелі ел өміріндегі жалпы қазақ әйелдерінің қолөнерінің түрлері көп. Мысалы: тігу, құрақ құрау, киім пішу, тері илеу, киіз басу, ши, кілем, алаша, ою-өрнек, сырмақ сыру секілді қолөнер түрлерімен айналысқан.

Осындай асыл мұраларымыздың әлемнің биік төрінен көрінуі, ұлттық өнеріміздің дамуы біздер үшін мақтаныш.

10.10. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қолөнердің қандай түрін білесіздер және қай түрімен айналысасыздар?
2. Қолөнер туындыларын атаңыздар?
3. Сіз – Франциядағы Қазақстан елшісісіз, сол елге қазақ өнерін қалай танытар едіңіз?

10.11. Қолөнерге қажетті құралдармен сөйлем құраңыздар.

өрмек	ши	жуалдыз
біз	сабау	оймақ

10.12. Өлеңді мәнерлеп оқыңыздар.

**Ақын Сара**

Қырмызы қызыл пүліштей,  
Қыздардың сұлу Сарасы.  
Сымға тартқан күмістей,  
Он саусақтың саласы.  
Қалам бармақ, жез оймақ,  
Ине ұстасаң жарасқан.  
Кесте салсаң біз оймақ,  
Қызыға қыздар қарасқан.  
Көйлегін тігіп көбінің,  
Түзеттің жеңін, жағасын.  
Еріңнің де, өзінің  
Таныттың елге бағасын! (Т.Қалилаханов)

10.13. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Сара Тастанбек қызы туралы не білесіздер?
2. «Біржан-Сара» операсын көрдіңіздер ме?

**Кино және театр өнері**

Бүгінгі таңда театр, музыка және кино өнері салалары өзінің жаңа сапалы даму деңгейінде. Оларды материалды-техникалық және заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету үшін мемлекет тарапынан қолайлы жағдайлар жасалуда. 2006 жылдан бастап «Мәдениет саласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы» іске асырылуда. Оның мақсаты – қоғамның рухани және біліми деңгейін көтеру, тарихи-археологиялық деректерді қорғау және жинау, театр, музыка және кино өнерлерін одан әрі дамыту, мәдени мұра және халық шығармашылығын сақтау болып табылады.

Астана қаласында жыл сайын театр өнері қайраткерлерінің республикалық практикумы өткізіледі. Оған Қазақстанның театр қайраткерлері және алыс, жақын шет елдерден театр өнерінің майталмандары қатысады.

Алғашқы рет Алматы қаласында Елбасы Жолдауының аясында 2006 жылдың 6-13 қыркүйегі аралығында Орта Азия мемлекеттерінің I халықаралық театрлар фестивалі өткізілді. Оған Өзбекстан, Түркменстан, Қырғыз, Тәжікстан, Татарстан мен Әзірбайжан мемлекеттерінің театрлары және Қазақстанның белді үш театры қатысты. Министрліктің бюджеттік бағдарламалары шеңберінде Қазақстан бойынша концерт ұжымдары мен театрлардың гастрольдері ұйымдастырылып тұрады, жаңа қойылымдар қойылады. Жас театр мамандары ТМД және алыс шет ел қалаларында



тәлімдеуден өтеді. Сонымен қатар қазақстандық театрлар өз жетістіктерін шет елдерде паш етеді.

10.14. *Келесі сұрақтар бойынша пікір алысыңыз.*

1. Кино және театр өнерінің қандай жетістіктерін атай аласыздар?
2. Қазақ театры бірінші рет қай жылы ашылды?
3. Белгілі өнер қайраткері А.Әшімов туралы не білесіздер?

10.15. *Келесі сөйлемдерді қазақ тілін аударыңыз және оны 1-2 сөйлеммен толықтырыңыз.*

1. В дни празднования 10 летия столицы Казахстана в Астане был открыт музей современного искусства.
2. Казахская Национальная академия искусств им. Т.Жургенова является единственным высшим учебным заведением по подготовке артистов кино и театрального искусств.
3. Ш.Айманов является одним из основа казахского кино искусства.
4. Крупным событием в культурной жизни современного Казахстана стал Всемирный курултай казахов, собравший и объединивший известных деятелей искусства
5. Становление и развитие казахского изобразительного искусства связаны с именем А.Кастеева.
6. Многие архитектурные памятники средневекового Казахстана находятся на территории городов Южного Казахстана.

### **Жағдаяттық тапсырма**

Сіз – актерсіз. Өзіңізге берілген «Ана», «Әке» рөлдерін қалай салар едіңіз?

10.16. *Мәтінді оқыңыз. Театр өнерінің қалыптасуы туралы тарихи мәліметтермен толықтырыңыз.*

### **Театр**

Театр – сахналық өнердің өмір көріністерін драмалық әрекет арқылы көрермендердің көз алдында актерлер күшімен бейнелейтін, түрлі сахналық қойылымдар, ойын-сауықтар, сонымен қатар жалпы мәдени шаралар өткізілетін орын-жай. Театрдың тарихи жағынан қалыптасып, даму, өсіп-өркендеу жолы әрбір ұлттың, әр халықтың өмір-тұрмысымен, олардың жалпы тарихымен және тұрлаулы мәдениетімен тығыз байланысты.

Ол – әдебиет, музыка, кескіндеме, архитектура, би және киноматографияның мәнерлі амал-тәсілдерін бойына жинақтаған синтездік өнер. Театр – халықты эстетикалық адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеудің аса маңызды құралы.

10.17. *Келесі сұрақтарға жауап беріңіз.*

1. «Сахна тілі» туралы түсінігіңіз қандай?
2. Театр қойылымдарын тамашаладыңыз, сол қойылым туралы әңгімелеңіз.

10.18. *Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз. Әр сөйлемді толықтырып, түсіндіріңіз.*

### **Қазақстан өнері**

1. Қазақ жеріндегі ең көне өнер шығармашылығы деп Қаратау тау шатқалдарында салынған жануарлар суретін айтуға болады.
2. 1970 жылы Есік қаласында таяу жерден біздің дәуірімізге дейінгі V ғасырда жерленген сақтың жас әскери адамы табылған («Алтын адам»).
3. Қарғалы қоймасынан «аң стилінде» жасалған (біздің дәуірімізге дейінгі II ғасыр) қозғалыс күйіндегі бұғы, құс, қанатты пырақтар және айдаһар кескіндерінен тұратын үйсін диадемасы табылған.
4. Декоративтік қолөнер туындыларына Отырардың өте әдемі ою -өрнектеліп балшықтан жасалған ыдыстары жатады.
5. Бұл дәстүр, яғни, киіз үйлер мен тұрмысқа керекті заттардың әшекейлі оюлармен өрнектелуі бүгінгі күнге дейін сақталып келеді.
6. Киіз үйдің негізгі сәні ою-өрнекпен тамаша өрнектелген текеметтер болған.

10.19. Төмендегі сөз тіркестерімен сөйлем құраңыздар.

Жез таңдай, тума талант, күміс көмей, мың бұралған, ғажап ән, киелі өнер, атақты күйші, дарынды қобызшы, талантты әнші, кәсіби мүсінші.

Зергер, айтыс, туынды, қойылым, бейнелеу, көркемсурет, күйші, актер, шығарма, киіз үй, дарын *сөздеріне жұрнақтар жалғап, сын есім жасаңыз.*

10.20. Төменде берілген сөздермен сөз тіркестерін құрастырыңыздар.

Көрме, қолөнер, әнші, күйші, қойылым, әшекей, ұсталық.

### **11 Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат. Есімдіктер және олардың септелу ерекшеліктері, жіктеу есімдіктері.**

#### **Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат**

Сұлулық адамның жүзінде емес жүрегінде болады.

Мақал.

Адамның ішкі жан-дүниесі, рухани байлығы - оның сыры, ал сырт келбеті, дене тұрқы, бет әлпеті – адамның сымбаты. Адамның жан дүниесі және сыртқы келбеті өзара тығыз байланысты. Жаны таза, ниеті түзу, ойы адал адамның жүзі де жарқын болады. Кейде тым ерекше жақсы адамдар да болады. Олар туралы «жүзінен нұры тамып тұр» деп айтады.

Жалпы, қазақ тілінде «түсі игіден түңілме» деген сөз бар. Жүзі жылы адамнан жақсылық күтуге болады.

Мұнан өзге «кісінің кілті аспанда» деген сөз бар. Олай болатын себебі: адам саналы түрде өзінің ойын, ниетін білдірмеуі мүмкін. Мысалы, ұрлық-қарлықпен, зорлықпен айналысатын адамдар. Бір қарағанда олар кәдімгі қарапайым адам. Бірақ жүректерінде, ойларында арамдық, басқа адамға жамандық жасау ниеті жатыр.

Адам баласының сырын, яғни жан дүниесін сол адамның әрекеттері де көрсете алады. Абай Құнанбайұлы «ұялмас бетке талмас жақ береді» дейді. Біздің тілімізде «әлемді жерде аузыңды тый» деген де сөз бар. Яғни өзінің қадірін білетін адам сөзінің де қадірін біледі. Бейсауат, қалай болса солай сөйлей бермейді.

### **Тапсырмалар:**

- 11.1. Жаңа сөздерді оқып, есте сақтаңыз, жазып алыңыз: **жан-дүние, дене тұрқы, бет әлпеті, ниеті түзу, жарқын, жүзінен нұры тамып тұр, игі, кісінің кілті, ұрлық-қарлық, зорлық, кәдімгі, жақ, әлемді жер, бейсауат.**
- 11.2. Мәтінді тыңдаңыздар, оқыңыздар, түсініңіздер.
- 11.3. Есімдіктерді еске түсіріңіз. Мәтіндегі есімдіктердің түрлеріне тоқталыңыздар.
- 11.4. Жіктеу есімдіктерін септеңіздер. Түбірдің өзгеруіне назар аударыңыздар.
- 11.5. Мына сөздер мен сөз тіркестерін аударып, сұхбат барысында қолданыңыздар: адал, ақ жүрек, қара ниет, ақ ниет, ниеті жаман, ақ тілек, жалған дүние.
- 11.6. Мына сөздердің синонимдерін жазыңыздар: *игі, нұр, келбет, сыр, жарқын, түңілу, әрекет, ұят, әлемді жер, қадір, қиянат.* Сөйлесімде қолданыңыздар.
- 11.7. Адамның мінез-құлқына, сырт келбетіне қатысты ақпараттар жазып келіңіз.
- 11.8. Түсіндіріп көріңіз: *Сырын білмейтін аттың сыртынан жүр.*
- 11.9. Төменде берілген Абай Құнанбайұлының өлеңінен үзіндіні оқыңыз, түсініңіз, жаттап алыңыз.

### **Абай Құнанбайұлы**

#### **Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат**

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,  
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.  
Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік  
Ер табылса жарайды қылса сұхбат.

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,  
Жетпесе, біріндікін бірің жеткіз.  
Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен,  
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз.

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,  
Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме.  
Әйел жақсы болмайды көркіменен,  
Мінезіне көз жетпей, көңіл бөлме.

11.10. Тақырып бойынша әңгімелеңіз.

11.11. Абылай туралы ақпаратты оқып, танысыңыз, пікірлесіңіздер. Сабалақ есімді кейіпкердің сыры мен сымбатына тоқталыңыздар. Байдың Сабалақты тануы дұрыс па, бұрыс па?

Абылай он екі жасар бала күнінде Сарыарқаға шығып, Атығай, Қарауыл деген елдің ішіне келіп, Дәулеткелді байдың жылқысын бақты. "Атың кім?" – деп сұрағанға, атым «Сабалақ» - депті. Бай бәйбішесіне айтыпты:

- Өзге жалшыдай көрме мұны, күте гөр, осы Сабалақ анық сарт емес. Ана Оразаулық сарт болса, болар. Көзі алақандай, табаны түйенің табанындай жап-жалпақ болып, беті қызыл болып, көзі адамды ішіп-жеп, аузынан суы ағып, ессіз-түссіз болып отыра береді. Мынау сабалақтың ешнәрсемен ісі жоқ, ойлағаны ғақыл-ой, езу тартып күлмейді, қабағын шытып кейімейді. Алты күн, алты түн аш жүрсе де, өз қолымен құйып ас ішпейді. Жерге бір отырмайды. Дәнеме табылмаса, сайын далада болса да киімін астына шешіп салып отырады. Ұйықтап жатқанда үсті жап-жарық болып тұрады. Сыйлап ұстай гөр, қасиеті болып, бір нәрсесіне ұшырап қалап жүрмейік дейді.

11.12. Ұлылардан қалған сөз. Мағыналарын түсіндіріңіз. Өз пікіріңізді айтыңыз.

*Ақша – қымбат, адам өмірі одан да қымбат, ал уақытың бәрінен де қымбат. (А.В.Суворов)*

*Әркім өз уақытын еңбегінің көлемімен өлшегені- ең дұрыс жол. (В.Г.Белинский)*

*Адам баласының қолымен жасалғанның бәрі – уақыт пен төзімнің жемісі. (О.Бальзак)*

*Уақытты тоқтатар шама бар ма?*

*Бәрі өтеді дәуірлер замандарда.*

*Менің жаным ашиды мына өмірді,*

*Өтпейтіндей көретін адамдарға. (М.Мақатаев)*

11.13.Сөздікпен жұмыс.Төмендегі сөздердің мағынасын түсіндіріңіз, сөйлем құрастырыңыз.

*Шымшым, шөкім, бір уыс, сүйем, қарыс, адым, құлаш, табан, аттам, тұтам, білек, шынтақелі.*

**12 Киім. Сән. Талғам. Сын-бейне үстеулері (әрең, бірте-бірте, ақырындап), мөлшер үстеулері (біраз, айтарлықтай, бірен-саран).**

### **Киім. Сән. Талғам**

Талғамы жақсының таңдауы жақсы.

Мақал.

Адам көркі - шүберек, ағаш көркі – жапырақ. Әр адамның өзіндік киіну ерекшелігі бар. Киіну адамның талғамын ғана көрсетпейді, сонымен бірге оның мінезі, көңіл-күйі, ұстанымынан да хабардар етеді дейді стилист мамандар.

Кейде қызығып киім сатып аламыз, ол киім басқа киімдермен үйлесім таппай, гардеробтан орын алып тұрады. Сондықтан әр адамның өзінің базалық гардеробы болуы керек. Базалық гардеробқа жататын киімдер бейтарап реңді, бір түсті және классикалық пішінді болғаны дұрыс. Сол кезде барлық киімдер бір-бірімен жақсы үйлесім табады. Негізгі гардероб адамның күнделікті өмір салтына, дене бітіміне қарап қалыптасады.

Көйлектің, шалбардың, жакеттің, белдемшенің тіпті аяқ киімнің де базалық гардеробта болуы тиіс түрлері бар.

Сонымен бірге киімдердің түсі де басты назарда болсын. Себебі әр адамның өзінің түсі бар. Адам көзінің, шашының, терісінің түсімен ерекшеленеді. Бұл – біздің табиғи түсіміз.

Киімде бірнеше стильдер болады: классикалық, спорттық, романтикалық және фольклорлық. **Классикалық стильге** салыстырмалы түрде тұрақты, сән әлеміндегі өзгерістерге онша беріле бермейтін барлық киім түрлері кіреді. Ерлердің классикалық киімдеріне костюм-шалбар немесе тек шалбардың өзі, жакет – костюм, ағылшын пальтосы, әйелдердің классикалық киіміне жеңді көйлек жакетімен, белдемше кіреді. **Спорттық стиль** – демалыста, спортпен айналысқанда, саяхатқа шыққанда киюге ыңғайлы киімдер. Спорттық киімдер: күртеше, жейде, әр түрлі ұзындықтағы және әр түрлі әрленген белдемшелер, комбинезондар, джинсы киімдері. **Романтикалық стильдің** ерекшелігі қатпарлар, желбіреуіштер, шілтерлер,

банттар, желбіршектер жиынтығынан тұрады. **Фольклорлық стиль** (этникалық) ұлттық сипаттағы осы заманғы киімдер. Бұл стильде ұлттық ою-өрнектер, кестелер, қол жұмысының көптеген элементтері, жоғары технологиялық әдістер кеңінен пайдаланылады. Фольклорлық стильді көбіне *кантри стиль* деп атайды.

Талғамы жақсының таңдауы жақсы екені рас. Десе де, талғам туралы дауласуға болмайды. Ал, Сіз қандай стильді, қандай түсті ұнатасыз?

### **Тапсырмалар:**

- 12.1. Жана сөздерді оқып, есте сақтаңыз, жазып алыңыз: **шүберек, талғам, ұстаным, үйлесім табу, бетарап, ренді, дене бітімі, белдемше, тұрақты, жеңді көйлек, ыңғайлы, қатпар, желбіреуіш, шілтер, желбіршек.**
- 12.2. Мәтінді тыңдаңыздар, оқыңыздар, түсініңіздер.
- 12.3. Үстеуді, сөйлемдегі қызметін, сын-бейне үстеулерін, мөлшер үстеулерді еске түсіріңіз.
- 12.4. Әсемдік, әдемілік, талғампаздық туралы нақыл сөздер, қанатты сөздер жазып келіңіз. Біреуіне жазбаша тоқталыңыз.
- 12.5. Сұрақтарға жауап беріңіз:
  - Талғампаз адам деп қандай адамды айтамыз?
  - Сіз талғампазсыз ба?
  - Қазіргі танымал сәнгерлер туралы не айта аласыз?
  - Свотч дегеннен хабарыңыз бар ма?
  - Свотч киім таңдауда, бет әрлеуде неліктен маңызды?
- 12.6. «Талғамы жақсының таңдауы жақсы». Пікірді екі жақ болып (жақтап немесе теріске шығарып) қорғаңыздар.
- 12.7. Төменде берілген ақпараттармен танысыңыз. Түс туралы тағы не айтқан болар едіңіз?

Түс адам туралы ақпарат береді екен. Мысалы, ақ түс – жинақы, адал ниетті адамдар, олар талап қоя біледі, қара түс – тағдыр ағысына қарсы тұра алатын адамдар, мұны көбіне жұмбақ, құпия болуға тырысатын адамдар киеді. Көк түсті ұнататындар сараптама жасаудың шебері. Бұлар өте қарапайым, сезімтал, әрі қатал мінезді де бола алатын адамдар. Сары түс – қуаты мол, көп сөйлейтін, әртістік өнерге, шығармашылыққа жақын адамдарға тән. Сары түсті еркіндікті қалайтын, арманы биік адамдар көбірек киеді. Қызыл түсті көбіне қызу қанды, албырт, белсенді, бір орында отырғанды қаламайтындар, өмірде бәрін үйреніп, алға ұмтылатындар таңдайды. Жасыл түсті тұрақты, сенімді, достары көп адамдар, қоңыр түсті өмірден мол тәжірибе алған, байсалды адамдар киеді екен.

- 12.8. Тақырып бойынша әңгімеленіңіз.
- 12.9. Төмендегі мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріңіз, оларды қатыстырып сұхбат құрастырыңыз.

- а) Адамның сырты алдамшы.
- ә) Еріншек адамның ертеңі бітпес.
- б) Әдептілік, ар-ұят - адамдықтың белгісі, тұрпайы мінез, тағы жат-надандықтың белгісі.
- в) Ақылды адам ойлап айтады, ақылсыз адам қайдан табады.
- г) Алған жомарт емес, берген жомарт.
- ғ) Кішіпейілдіктен кішіреймейсің.

12.10. Досыңыздың сыртқы келбетін сипаттаңыз. Қай мінезі ұнайды, қай мінезі ұнамайды.

### ***Менің досым Қанат.***

Менің досымның аты – Қанат. Мен онымен Астана қаласында таныстым. Ол Астана қаласында дүниеге келген. Қанат - денелі, келбетті, сұлу жігіт. Ол - отызда. Ол-қаржыгер. Ол- жауапты, іскер, білікті, тәжірибелі маман. Ол- өте қарапайым, көпшіл, бауырмал, ақкөңіл адам. Ол спортпен шұғылданады. Оның достары көп.

12.11. Әрқайсысы жеребе бойынша бір-бірінің аты-жөні жазылған қағазды алады.

***Мақсаты:*** сыпайы, әдептілікпен сын айту.

***Мысалы:*** Менің ойымша сізге шаштаразға бару керек. Себебі сізге ұзын шаш жараспайды.

### **Жағдаяттық тапсырма**

Жаңа досыңызды, оқытушыларыңызды әке-шешеңізбен таныстырыңыз.

***Мысалы:*** Бұл – Әсет. Менімен бірге қаржы және несие тобында оқиды. Ол ақкөңіл, жауапты, еңбекқор, әділ, жомарт, шыншыл.

Мына кісі - біздің кураторымыз Әсел Маратқызы. Ол өте мейірімді, көпшіл, жауапты, еңбексүйгіш.

***Ән жаттайық.***

### ***Гауһар тас (Халық әні)***

*Ажарың ашық екен атқан таңдай  
Нұрлы екен екі көзің жаққан шамдай.  
Анаңнан сені тапқан айналайын,  
Күлім көз, оймақ ауыз, жазық маңдай!*

**Қайырмасы:**  
Беу-беу, гауһар тас,  
Құсни құқрдас,  
Раушан жүзін көргенде,  
Сәулем-ау, сабырым қалмас.

*Ажарың ақ түлкідей қашқан құмнан,*

*Шолпандай таң алдында жалғыз туған.*

*Жылы су, қолда құман, қарда орамал.*

*Жібекпен қызыл гәріс белін бұған.*

**Қайырмасы:**  
Басасың аяғыңды ырғаң-ырғаң,  
Сылддырап шашбауың мен алтын сырғаң.  
Жай жүріп шаттанасың әсерленіп,  
Әсемсің жүйрік аттай мойнын бұрған.

12.13. Төмендегі сөздерді пайдаланып, отбасы мүшелерінің сыртқы келбетін сипаттаңыз.

Еңгезердей, сұңғақ бойлы, қысқа бойлы, бота көзді, қой көзді, өткір көзді, қысық көзді, қолаң шашты, бұйра шашты, қайратты шашты, селдір шашты, қиғаш қасты, жіңішке қасты, кең маңдайлы, тар маңдайлы, қыр мұрынды, тәмпіш мұрынды, таңқы мұрынды, қара торы, аққұба, томпақ ерінді, жұқа ерінді, қыпша белді, бұраң бел, кең иықты, маржандай ақ тісті, сопақ басты.

12.14. Тыйым сөздердің мағынасын түсіндіріңіз. Сұхбат құрастырыңыз.

Көп сөйлеме.

Орынсыз күлме.

Мақтаншақ болма, тәкәппар болма.

Үлкендердің жолын кеспе, сөзің бөлме.

Кісі мініне күлме.

Кісі айыбын бетіне баспа.

**13 Проза және поэзия. Себеп-салдар, ыңғайластық жалғаулықтар (бастап, бері, кейін, сонымен, сондықтан, себебі, өйткені, сол себепті, алайда, қарағанда, салыстырғанда).**

**Проза және поэзия**

Өнер алды – қызыл тіл.  
Мақал.



Өнердің түрі көп: сурет өнері, сәулет өнері, мүсін өнері, музыка, би, сөз өнері, т.б. Бұлардың ішінде қайталанбас өнер туындылары қаншама: әлемнің жеті кереметі, ұлы суретшілердің өнер туындылары, атақты музыка шығармалары. Бірақ осының барлығының ішінде бірінші орында тұратыны – сөз өнері. Себебі қандай сәулет нысаны болсын, би немесе музыка туындысы болсын айтайын деген ойын дәл сөзбен жеткізгендей жеткізе алмайды.

Леонардо да Винчидің шығармаларының да, Египеттің пирамидаларының да, аспалы бақтың да кереметтерін тілмен, сөзбен айтып жеткізуге болады.

Проза – (латын сөзі) әдеби жанр, қара сөзбен жазылған көркем шығарма (әңгіме, повесть, роман). Поэзия (грек сөзінен аударғанда «жасаймын», «тудырамын») – өлең үлгісіндегі әдеби туындылар. Поэзия ұйқасқа, сөздің ырғағына негізделеді. Поэзиялық шығармаларға сезім күйі, әсерлілік тән, ал прозалық туындыларда баяндау, бейнелеу басым.

Прозаның да, поэзияның да атқарар жүгі үлкен. Әдеби шығармалардың негізгі мақсаты – адамды тәрбиелеу, адамға ой салу. Жалпы, әдеби шығармалардың қай түрінде болмасын сол елдің рухани, мәдени мұрасы көрініс табады. Өйткені, әдебиет – өмір айнасы, әдебиет – ұлт жанының айнасы.

Қазақ әдебиетінің тарихы да халқының тарихындай, ертеден басталады. Сонау халық ауыз әдебиетіндегі ертегі, аңыз, жырлардан бастап бүгінгі әдеби шығармаларға дейін – барлығы халықтың ойын, мақсатын, тәрбие негізін білдіреді.

### **Тапсырмалар:**

- 13.1. Жаңа сөздерді оқып, есте сақтаңыз, жазып алыңыз: **сәулет, мүсін, қайталанбас, сөз өнері, сезім күйі, әсерлілік.**
- 13.2. Мәтінді тыңдаңыздар, оқыңыздар, түсініңіздер.
- 13.3. Адамды тәрбиелеу, адамға ой салу дегенді қалай түсінесіз?
- 13.4. Жалғаулықтарды еске түсіріңіз. Соның ішінде себеп-салдар, ыңғайластық жалғаулықтарға тоқталыңыз.
- 13.5. Төменде берілген әдебиеттердің ішінен бірін оқыңыз.
  - ✓ Тахауи Ахтанов. Шырағың сөнбесін.
  - ✓ Ғабит Мүсірепов. Ана туралы әңгімелері.
  - ✓ Сайын Мұратбеков. Жабайы алма.
  - ✓ Әзілхан Нұршайықов. Ақиқат пен аңыз.
  - ✓ Мұқағали Мақатаев. Өлеңдері.
  - ✓ Фариза Оңғарсынова. Өлеңдері.
  - ✓ Мұхтар Шаханов. Отырардың күйреуі, т.б.
- 13.6. Өзіңіз оқыған бір әдеби шығарма туралы, сол шығарманың маңызы туралы айтып келіңіз.
- 13.7. *Мына нақыл сөздерден сын есімдерді табыңыз.*

Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады.

Үлкенді сен сыйласың, кіші сені сыйлайды.

Адамды, кісілікті терең ұғынған сайын кісі өзіне төреші бола алады.

В.А.Сухомлинский

Ақыл, қайрат жүректі бірдей ұста, сонда толық боларсың елден ерек.

Абай

13.8. Төмендегі нақыл сөздердің мағынасын түсіндіріңіздер

Қызым – үйде, қылығы – түзде.

Еңбекте өскеннің оты сөнбейді.

Өнер көзі – өрнекте.

13.9.

Лондонға мен де, әкем де баратын болдық. Мына кино қызық екен, бірақ мен концерт көргім келеді. Ағамның туған күніне не теледидар, не компьютер алып береді. Сен жұмысқа тағы кешіктің, себебі түнде кеш ұйықтайсың. Егер қазір айтпасаң, кейін кеш болады.

13.10. Тиісті шылауларды қойып, сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. Ол газет сатып алды, \_\_\_\_\_ жаңалықтарды оқығысы келіп тұр. 2. Әсемнің Африкаға барғысы келеді, \_\_\_\_\_ ол ыстықты ұнатпайды. 3. Кеден \_\_\_\_\_ күту залының арасы қашық емес. 4. Тайландта көп көлік аыстырдык, \_\_\_\_\_ кемеге міндік, \_\_\_\_\_ ұшақпен ұштық, \_\_\_\_\_ тікұшаққа отырдық. 5. \_\_\_\_\_ қонақүйде тұрсаң, таңертеңгі асты сонда ішуге болады.

13.11. Сөйлемдердің жасалу жолдарын анықтаңыз.

Мектепті бітіргенше асықтым, себебі ересек өмірді тезірек көргім келді. Әр адамның арманы бар, неге десеңіз армансыз адам, ормансыз бұлбұлмен тең емес пе?! Кеше халықаралық білім беру мәселелері туралы конференция болды, сондықтан бәріміз оның жақсы өтуіне көмектестік.

**14 Атамекен – құт мекен. Реттік сан есім мен зат есімнің тіркесі. Күрделі сан есім.**

## Атамекен – құт мекен

Туған жердей жер болмас,

Туған елдей ел болмас.

Мақал.

Атамекен дегеніміз – ата-баба мекені. Аталарымыз қоныстанған, мекендеген жер. Атамекен ата-бабадан ұрпаққа мұра болып қалады.

«Құт» деген сөз «береке, байлық» дегенді, «құт болды, құт дарыды» деген «береке орнады, байлықтың басы болды» деген мағынаны білдіреді. Сонда атамекен біз үшін «береке орнаған жер, байлықтың басы болған жер».

Біздің атамекеніміз де, Отанымыз да – Қазақстан. Атамекен ата-баба мекен еткен жер болса, Отан – туып-өскен жеріміз. Отан – кіндік қаның тамған жер, Отан – әке-шешен, бауырың, Отан – қалаң, ауылың, Отан – сенің ең жақын адамдарың. Сондықтан Отанға деген құрмет – өзіңе деген, өз жақындарыңа деген құрмет.

Туған елін сүю, оны құрметтеу, қорғау – сол елдің әрбір азаматының парызы. Қазақ халқы өз ұрпағын Отансүйгіштікке, адалдыққа, елін, жерін қорғауға тәрбиелеген. «Отан отбасынан басталады» деп Отанға деген құрметтің өзіңе деген құрмет екенін жеткізген.

Бір ел болу үшін, бір мемлекет болу үшін көп нәрсе керек: елдің азаттығы, мемлекеттік территориясы, ұлттық тілі, елдік намыс, ортақ тарих, дін, діл, ұлттық мәдениет, өнер, т.б. Ең маңыздысы – ұлтжанды азаматы. Ұлтжанды азамат дегеніміз кім? Ұлтжанды азамат – ұлтына жаны ашитын азамат. Ұлтына жаны ашитын адам - өзіне жаны ашитын адам. Өзін сыйламаған елін да сыйламайды. Сондықтан да болар «Отансыздың оты жанбайды», «Отанның қадіріне жетпеген өз қадіріне жетпейді».

### Тапсырмалар:

- 14.1. Жаңа сөздерді оқып, есте сақтаңыз, жазып алыңыз: **қоныстанған, парыз, адалдық, отансүйгіштік, ұлтжанды, ұлтшыл, ұлт жанашыры, жаны ашу, қадір.**
- 14.2. Мәтінді тыңдаңыздар, оқыңыздар, түсініңіздер.
- 14.3. Реттік сан есімдерді, күрделі сан есімдерді, олардың жасалу жолдарын еске түсіріңіз.
- 14.4. Отансүйгіштік туралы Бауыржан момышұлының сөздерін жазып келіңіз.
- 14.5. «Туған жердей жер болмас» тақырыбына шығарма жазыңыздар.
- 14.6. Төменде берілген өлеңді түсініп оқыңыз, жаттап алыңыз.

**Фариза Оңғарсынова**

**О, туған жер!**

О, туған жер!  
Кең пейіл, құшағың кең,  
Саған көңіл бұлқынар күш, ағынмен,  
Сағынышымды қанат қып саған қарай  
Балапандай талпынып ұшамын мен.

Алақаны анамның – топырағың,  
Сендік махаббатымның оты – жалын.  
Сені қалай сүюдің керектігін мен,  
Ешқандай кітаптан оқымадым.

Сенде тас та қастерлі, аспан да – алау,  
Сенде жанды тербетер дастан бар-ау.  
Менің мынау өмірге құштарлығым  
Сені жақсы көруден басталған-ау.

Кешірме сен,  
Жат қылықпен жаныңды жараласам,  
Бар сырымды бүкпесіз саған ашам.  
Мен ел кезіп кетермін отансыздай,  
Үмітіңді ақтауға жарамасам.

### ***Сұхбаттар:***

#### **1.**

- Туризм туралы не білесің?
- Туризм тамыры өте тереңде жатыр.
- Сонда туризм қай ғасырда пайда болған?
- Туризм 18 ғасырда пайда болған. Бірақ ертеде діни саяхаттар болған.
- Туризм деген сөзді кім ойлап тапқан?
- «Тур» деген сөзді алғаш рет Томас Кук ойлап тапқан.

#### **2.**

- Қазақстанда қандай әдемі жерлер бар?
- Біздің елімізде әдемі жерлер өте көп.
- Мен тек қана Алматы қаласының керемет табиғатын тамашаладым.

#### **3.**

- Сіз жазғы демалыста қай жерде демаласыз?
- Маған Қазақстанның табиғаты ұнайды, сондықтан өз елімде демалғанды ұнатамын.
- Сіз Қазақстанның қандай жерлерінде болдыңыз?
- Мен көп жерлерде болдым. Мен тауда демалуды ұнатамын. Әсіресе, маған Көкшетау, Қарқаралы таулары ұнайды.

## Туризмнің даму тарихы

Туризм – қоғамдық, шаруашылық және кеңістік қатынас. Туризм тарихының тамыры өте тереңде жатыр. Біз туризмнің даму кезеңін үшке бөлеміз:

1. ХҮІІІ ғ. соңына дейінгі туризм:
  - А) ерте заманғы туризм;
  - Б) жаңадан пайда болған туризм және орта ғасырлар уақытындағы туризм;
  - В) ХҮІІ-ХҮІІІ ғғ. Туризм.
2. ХІХ-ХХ ғғ. туризм – екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі;
3. Қазіргі, осы заманғы туризм

Туризм – туристік саяхаттар, сауда-саттық сапарлар өзінің мәнін жоғалтқанда басталды. Осындай алғашқы діни саяхаттар б.э.д. төртінші мыңжылдықта Ежелгі Египетте басталды. Б.э.д. 1501-1484 жылдары Египет ханшасы Хатшеспуттың ұйымдастыруымен Пунт деген жерге теңіз аралына саяхат жасалды. Ал б.э.д. VІ ғасырда египеттік Фараон Нехао Африка төңірегінде атақты ұшжылдық саяхат құрған. Осы кезеңде көптеген саяхаттар болды.

Туризмнің алғашқы қадамдары ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда басталды. Ең бірінші туристік саяхат Англияда пайда болған. Ең көп туристік саяхат Англияда болған. Онда 1841 жылы Томас Кук 600 адамнан құрылған топты Лейстерден Лафбороға дейін апарып, темір жолмен саяхат жасаған.

1882 жылы ең алғашқы әлемдік «Куктың жер шарын айналған» саяхаты болды. Ол темір жол және пароход компанияларымен, қонақ үй және мейрамханалармен келісім құжат жасады. Томас Кук ең алғашқы болып туристік «тур» деген сөзді ашты. Ол бірінші болып туристік маркетинг пен менеджментке жол ашты. Сол үшін Кук бірінші туризм менеджері болып саналады.

Халықаралық курорттардың дамуы Германия, Швейцария, Франция, Италия, Чехия – мемлекеттерін халықаралық дәрежеге жеткізді. ХҮІІІ ғасырдың аяғында басқа елдерге барып саяхат жасап жүрген адамдарды туристер деп атай бастады.

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқыңыз, түсініксіз сөздермен жұмыс жасаңыз.
2. Мәтіндегі сан есімдерге көңіл аударып, жоспар құрастырыңыз.
3. Мәтін бойынша сұхбат құрастырыңыз.
4. Қазақстандағы туризм туралы айтыңыз.

14.7. Төмендегі сөздермен сөйлем құрастырыңыз.

*Қоғамдық, кезең, ғасыр, сауда-саттық, саяхат, сапар, әлемдік, жер шары, келісім*

14.8. Мына сөздерге антоним жазыңыз.

Отандық-----  
Табыс-----  
Ғасыр-----  
Бастау-----  
Алғашқы-----  
Даму-----  
Ұйымдастыру-----

14.9. Мәтінді оқыңыз, сұхбат құрастырыңыз.

### ***Қазақстандағы туризмнің дамуы***

*Қазақстан 1993 жылы әлемдік туристік ұйымдардың нақты мүшесі болды. Қазақстан Республикасында туризмді дамыту үшін нормативтік құқықтық база құрылған. 1992 жылдан «Туризм туралы» заң қолданысқа енгізілді. Осы салада елімізде 430 ұйым, фирма, әр түрлі меншіктегі бюро бар. Онда 6 мың адам қызмет көрсетеді және 1500 кәсіби гид-экскурсоводтар бар.*

*Қазақстанның туристік фирмалары әлемнің 80 елімен бірлесіп қызмететеді және туризмнің барлық түрлері бойынша қызмет көрсетеді, олар танымдық, ойын-сауықтық, этникалық, экологиялық, балаларға арналған, спорттық, аңшылық, саяттық.*

*Қазақстанның әр аумағында 700-ден астам бағыттағы саяхат ұсынылады және табиғи-географиялық жағынан ерекше.*

14.10. Ойыңызды ортаға салыңыз.

Қазақстанда туризм қалай дамыған?

Қазақстандағы қандай аймақтарда туризм жақсы дамыған?

Қазақстанда қандай туристік компаниялар бар?

Қазақстандағы туристік компаниялар қандай деңгейде қызмет көрсетеді?

Қазақстанда туризмді жақсы дамыту үшін не істеу керек?

14.11. Карта бойынша саяхат.

*Саяхатта болған әр қаланың ерекшеліктері туралы айтыңыз. Бір қаладан екінші қалаға дейінгі маршрутты жазыңыз.*

*Мысалы: Астанадан Қарағандыға дейін, одан кейін Алматыға т.б қалай жетуге болады? Немен жетуге болады?*

#### 14.12. Жұптық тапсырма.

Қазақстандағы туризм ошағы болатын көрікті жерді атаңыз. Ол жерде туризмді қалай дамытасыз? Бизнес-жоспарыңызды ұсыныңыз.

#### 14.13. Топтық тапсырма.

Алматы қаласындағы өздеріңіз білетін туристік фирмаларды атаңыз, олар туралы хабарлама жасаңыз.

#### 14.14. Төмендегі сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. Егер туристік компанияда жұмыс істесем, .
2. Қазақстандағы туристік фирмаларды ерекше дамыту үшін, .....
3. Астана маңында шаңғы спорт кешені салынса, .....
4. Бурабай, Көлсай, Шарын, Үстірт, Алакөл, Қаба, Марқакөл, Қарқаралы туризм аймағына айналса, .....

#### 14.15. Рөлдік ойын.

Алматы қаласына саяхат. Топ - Алматыға бір күнге келген туристер. Гид саяхаттың жоспарымен таныстырады. Ол: қала бойынша саяхат, мейрамханадағы түскі ас, өнер мұражайына бару. **Мына сөйлеу үлгілерін қолданыңыз:** өте керемет, тамаша, әдемі, ал біздің қалада, бұл жерде

### **15 Қазіргі заманауи үйлер. Көмекші есімдер (айналасында, сыртында, маңайында). Күшейткіш мәнді сөздер (нағыз, керемет, теңдессіз).**

#### **Қазіргі заманауи үйлер**

Үйі жоқтың күйі жоқ.  
Мақал.

XXI ғасыр – техника мен ғылымның барлық жағынан дамыған ғасыры. Қазіргі заманауи үйлер - адамзаттың қазіргі талаптарын ескеріп жасалған үйлер. Қазір адам үшін өз қажеттіліктерімен бірге экология да, энергияны үнемдеу де, жарықты үнемдеу де маңызды.

Қазіргі заманауи үй деген біреу үшін нағыз заманауи сәулет пен дизайн, біреу үшін шатырды, қабырғаны, терезені орнатудағы нағыз заманауи технологиялар. Бұл жерде бір нәрсені түсінген дұрыс. Үй де адамның ағзасы сияқты. Адамның қандай қымбат косметикасы, қымбат киімі, көлігі болғанымен, ауырып қалса, оның бірі көмектесе алмайды. Үй де сол сияқты. Үй үшін дизайннан бұрын заманауи инженерлік жүйеге назар аудару керек. Заманауи инженерлік жүйелер ғылым мен техниканың соңғы жетістіктеріне сүйеніп жасалады.

Қазіргі заманауи үйлердің негізгі инженерлік жүйелері ретінде мыналарды атауға болады:

- тоқпен және жарықпен қамтамасыз ету;
- радиатордың, «жылы еденнің» немесе ауаның көмегімен жылыту;
- сумен қамтамасыз ету, су тазалау жүйелері;
- ауаның алмасуы, кондиционерлердің қолданылуы;
- құбырлар жүйесі;
- бейнебақылау және өрт, күзет дабылы,
- телефон байланысы;
- эфирлік және спутниктік телевидение;
- үй кинотеатры;
- салқындатқыш камералар;
- үйді басқару жүйесі («ақылды үйлер» үшін)

Қандай заманауи үй болмасын ең алдымен сол жердің климатын ескеріп жасалуы тиіс. Қазіргі құрылыстың үш маңызды саласы – қолайлылық, энерготімділік, қолдану ұзақтығы. Қазақстанның басым бөлігі үшін ауаның алмасуы, кондиционерлердің қолданылуы емес, алты ай қысқа төтеп беретін берік, сенімді үйлер маңызды.

### Тапсырмалар:

15.1. Жаңа сөздерді оқып, есте сақтаңыз, жазып алыңыз: **қажеттілік, үнемдеу, нағыз, ағза, сүйеніп жасалады, күзет дабылы, салқындатқыш.**

15.2. Мәтінді тындаңыздар, оқыңыздар, түсініңіздер.

15.3. Сызбаны толтырыңыздар:

Нағыз	..... ..... ..... ..... .....
-------	-------------------------------------------

Керемет	..... ..... ..... ..... .....
---------	-------------------------------------------



Теңдессіз	..... ..... ..... ..... .....
-----------	-------------------------------------------

Ғаламат	..... ..... ..... ..... .....
---------	-------------------------------------------

15.4. Ғаламтор материалдарын қолдана отырып әлемдегі танымал керемет үйлер туралы слайд дайындаңыз.

15.5. «Армандар орындалады» немесе «Менің арманымдағы үй» тақырыбына шығарма жазыңыздар.

15.6. Біле жүріңіз.

Қазақстан Республикасы Президентінің жаңа резиденциясының тұсаукесері 2004 жылғы 24 желтоқсанда өтті. Ғимараттың жалпы ауданы – 36 720 шаршы метр. Ғимарат құрылыстағы ең соңғы заманауи әдістер мен озық инженерлік құрылғыларды қолдану арқылы монолиттік бетоннан тұрғызылды. Ғимараттың биіктігі үшкір төбесімен қоса алғанда – 86 метр. Ғимарат жер үстіндегі бес қабатты және жер астындағы екі қабатты үйден тұрады. Бірінші қабаттың биіктігі он екі метрге тең.

15.7. Керекті сөздер: жанында, асты, үстінде, қасына, ішінде, маңы, алды, сыртында

Университеттің ... кітапхана бар.(ішінде )

Үстелдің ...оқулық жатыр. (үстінде)

Қаланың ... өзен ағып тұр.(сыртында)

Үй ... тап-таза. (маңы)

Есік ... гүлдер өсіп тұр.(алды)

Аяқ ... кілем төселіп жатыр.(асты)

Ол тақтаның ... келіп тұрды.(қасына)

Оқытушының ... студенттер отыр.(жанында)

## **1 Ел болашағы – білімді ұрпақта. Заттың (жақ, тарап) анықтамасы (Қазақстан жастары). Салыстыру құрылымдарының берілуі. Іс-қимылдың мекені.**

### **Ел болашағы білімді ұрпақта**

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі бекер».

Абай Құнанбайұлы

Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын факторлар бірнешеу. Солардың ішінде мыналар бар:

- халық тұрмысының жоғары деңгейі мен сапасы;
- білім беру деңгейі;
- адами капиталдың дамуы;
- инновациялық даму;

Қазіргі экономикалық даму қызметкерлердің өз өмірінде бірнеше рет мамандығын ауыстыруы, өз біліктілігін үнемі арттыруы қажеттілігін тудырады. Яғни, білім басты капитал болып қала береді. Елбасымыз Н.Назарбаевтың сөзімен айтқанда, «қазіргі уақыт адамзат биігін білекпен емес, біліммен бағындырудың заманы». Сондықтан да жастардың біліміне, жас отбасыларға, бүлдіршіндердің дамуына баса назар аударылып келеді.

Тәуелсіздік алғалы Қазақстанның азаматтары әлемнің беделді оқу орындарында білім алып жатыр. Бұл үрдіс жалғаса береді. «Жастар – еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы. Қазақстанның болашағы сіздерге – сіздердің білімдеріңізге, күш-жігерлеріңіз бен патриоттық сезімдеріңізге байланысты. Білімді, сауатты адамдар – ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші» - дейді Елбасы Н.Ә.Назарбаев.

Жүзеге асырылып жатқан «Болашақ», «100 жаңа кітап», «100 жаңа есім», «Жас маман» бағдарламалары, т.б. – бұлардың барлығы жастардың дамуына, сол арқылы елдің дамуына бағытталған шаралар. Сонымен бірге, 2019 жыл елімізде Жастар жылы деп жарияланды . . .

1.1. Жаңа сөздермен жұмыс жасаңыз.

1.2. Мәтінді оқып, түсініңіз.

1.3. Мәтін бойынша сұраулы сөйлемдер жазыңыз.

1.4. Көршіңізбен сұхбат құрастырыңыз.

1.5. Сіз қалай ойлайсыз, Елбасы неліктен жастарға, жастардың дамуына назар аударып келеді? Жастық шақ қандай шақ?

1.6. «Жас кезінде алған білім тасқа жазған жазумен тең, қартайғанда алған білім мұзға жазған жазумен тең» дегенді қалай түсіндірер едіңіз?

1.7. «Адам баласы кез келген ортаға біліммен емес мінезбен сыяды» деген Абай Құнанбайұлының сөзімен келісесіз бе? Неліктен?

1.8. Даналық сөздерді жаттап алыңыз.

«Тегінде адам баласы адам баласымен ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі бекер».  
(Абай)

«Білім – инемен құдық қазғандай ». (Халық мақалы)

«Білімдіден шыққан сөз

Талаптыға болсын кез». (Абай)

«Оқусыз білім жоқ

Білімсіз күнің жоқ». (Халық даналығы)

1.9. Мәтінді оқып, аударыңыз, түсінгендеріңізді өз сөздеріңізбен әңгімелеңіз.

### **Білім де бәсекеге түседі**

Қазіргі заман мамандардың кәсіби біліктілігіне жоғары талаптар қояды. Нарықтық экономика жастардың жан-жақты білімді, озық тәжірибелі, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуын талап етеді. Жас мамандарға қызметтің қыр-сырын игеру, ойдағыдай өсіп, мансап құру үшін кәсіби күзіреттілікті үнемі толықтырып отыру қажет.

Қазір еңбек нарығында шет мемлекеттерде білім алған мамандар сұранысқа ие, өйткені олар ағылшын тілін еркін біледі, нарықтық экономика талаптарына сай білім алып, тәжірибеден өткен.

Бәсекеге қабілетті мамандар дайындау үшін білім де бәсекеге қабілетті болу керек. Осыған орай, Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің барлық қызмет аясы бәсекеге қабілетті мамандар дайындауға бағытталуда, жоғары оқу орындарында оқу үрдісіне реформалар енгізілуде.

1.10. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазіргі заман мамандарға қандай талап қояды?

2. Нарықтық экономика жастардан нені талап етеді?

3. Жас мамандарға қызметтің қыр-сырын игеру, ойдағыдай өсіп, мансап құру үшін не істеу керек?

4. Қазір еңбек нарығында сұранысқа кімдер ие?
5. Шет мемлекеттерде білім алған жастардың артықшылығы неде?
6. Біздің еліміздің білім беру жүйесінде қандай өзгерістер болып жатыр?

## **2 Мен жастарға сенемін. Дағы/-дегі, тағы/-тегі формасы (анықтауыштық мағынасы).**

### **МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН**

*Білімділіктің адам өміріндегі маңызы, жастарға арналған білім беру бағдарламалары, бәсекелестікке қабілетті ұрпақ туралы мағлұмат.*

Жастар – кез келген мемлекеттің ең белсенді бөлігі, қоғамның қозғаушы күші. Ел тірегі – жастар екенін естен шығармаған дұрыс. Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіруі жолында жастардың атқаратын рөлі зор. Жастар – Қазақстанның он төрт жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі азаматтар. Осы санаттағы жастар қазіргі уақытта ел халқының 30 пайызын құрайды. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында 2019 жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсынды.

Білім – қоғамдық құндылықтардың аса маңыздысы. Көптеген елдердің Ата заңы бойынша әрбір адам білім алуға құқылы. Білім мен ғылым, экономика, бизнес, жалпы, бәсекелестік қарыштап дамып отырған жаһандану кезеңінде Елбасы үш тілді білу қажеттігін қойып отыр. Үш тілді меңгеру – заман талабы.

«Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңда негізгі мақсат – жастардың рухани, мәдени толысып, білім алып, кәсіби дамуы үшін жағдай жасау деп көрсетілген. Мемлекеттік жастар саясаты рухани-мәдени құндылықтарға, еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке, ұрпақтар сабақтастығына, отбасылық тәрбиеге негізделген. Білім саласында жас мамандарды ауылға тартуды көздейтін «Дипломмен ауылға» бағдарламасы, шетелде білім алуға мүмкіндік беретін «Болашақ» халықаралық стипендиясы, еліміздің оңтүстігіндегі жастарды кадр тапшылығын көріп отырған солтүстік, шығыс, орталық өңірлерде оқытып, жұмысқа орналастыру мақсатындағы «Серпін» бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. Бұл, бір жағынан, жастар арасындағы жұмыссыздықты азайтады.

Бұған қоса, «Жұмыспен қамту-2020», «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламалары бар. Ал «StartupBolashak» бизнес-жобалар байқауы ғылым мен технология, инновацияға жақын жас қазақстандықтарға жақсы мүмкіндік. Жалпы, қазіргі уақытта Қазақстанда жастарға мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетіліп отыр.

Тапсырмалар:

- 2.1. Жаңа сөздерді теріп жазыңыз, аударыңыз, сөзтіркестерін құраңыз.
- 2.2. Өзіңіз құраған сөз тіркестермен бірнеше сөйлемдер жазыңыз.
- 2.3. «2019 жыл – жастар жылы» тақырыбына сұхбат құрыңыз.
- 2.4. «Анықтаушы сөз + анықталушы сөз» формасындағы тіркестерге мәтіннен мысал келтіріңіз.
- 2.5. «Жастар – қоғамның қозғаушы күші. . . . ». Толықтырыңыз. «Себебі», «өйткені», «олай ойлайтын себебім», «алайда», «менің ойымша», «мен . . . деп сенемін» тіркестерін қолданыңыз.
- 2.6.** «Бәсекеге қабілетті ел қандай болуы керек?». Қалай ойлайсыз? Жазып келіңіз.

### Сұхбаттар:

#### 1.

- Қандай мемлекетті бай деп айтуға болады?
- Менің ойымша, мәдени мұрасы бар елді бай деп айтуға болады.
- Сонда мемлекет байлығы мәдени мұра ғана ма?
- Әрине, тек қана мәдени мұраны жатқызуға болмайды.
- Менің пікірімше, ең басты байлық- бұл халық

#### 2.

- Ұлттық байлық дегеніміз не?
- Ұлттық байлық дегеніміз - бұл жер байлықтары, табиғат, ата-бабаларымыздан қалған мұралар.
- Әрине, дұрыс айтасын. Халық өмірінің деңгейі жоғары болған сайын, мемлекет те соншалықты бай болады.

### Тапсырмалар:

1.Сұхбаттарды рөлге бөліп оқыңыз, өз репликаңызды қосыңыз.

2.Төмендегі сөздердің мағынасын түсіндіріңіз, сөйлем құрастырыңыз.

Байлық , көрсеткіш, өндіріс, күш-қуат, тұтынушы, игілік, мұра, ата- баба, құн, кепіл

2.7. Мәтінді оқыңыз, түсініксіз сөздермен жұмыс жасаңыз.

### Ұлттық байлық дегеніміз не?

Ұлттық байлық дегеніміз – елдің экономикалық күш – қуатының ең маңызды көрсеткіштерінің бірі. Ұлттық байлықты алғаш рет 1664 жылы ағылшын экономисі У. Петти есептеп шығарды. Ұлттық байлықты тұңғыш бағалау Францияда 1789 жылдан, АҚШ-та 1805 жылдан, Ресейде 1864жылдан жүргізіле бастады.

Экономикалық әдебиеттерде ұлттық байлық деп - еңбекпен жасалынатын, өндіріспен тұтыну үшін пайдалынатын материалдық

игіліктердің қорын айтады. Кейбір экономистер ұлттық байлыққа табиғи ресурстарды да қосады.

Ұлттық байлық негізінен мына салалардан тұрады:

- а) Ата- бабаларымыздың қалдырған мұрасы;
- ә) Табиғатымыз және жер асты байлығымыз;
- б) әдеби, тарихи, мәдени мұралар;


Кез-келген мемлекет өзінің ұлттық мұрасын мақтан тұтады. Оның құны - сол елдің байлығының кепілі.

Ұлттық байлыққа жеке коллекционердің қолындағы көне заттар да жатады.

В) Венеция хартиясы бойынша отыз жылдан артық тұрған сәулет құрылысы, мекеме, мәдени, ресми, жеке үй, тағы басқалары ұлттық байлыққа жатады.

2.8. Мәтін бойынша жоспар құрастырыңыз. Мазмұнын айтуға қолданатын кілт сөздерді таңдаңыз.

2.9. «Ұлттық» деген сөзбен тіркесетін барлық сөзді атаңыз. Сөйлем құрастырыңыз.



2.10. Топтық жұмыс. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіздің үйде ата-бабаларыңыздан қалған мұралар бар ма?

Кітапхана ұлттық байлыққа жата ма?

Ұлттық байлық туралы көзқарасыңыз қандай?

Жерде қандай байлық бар?

Материалдық байлық қымбат па, рухани байлық қымбат па?

Дәулет пен байлық бақыттың кепілі бола ала ма?

2.11. Сөйлемді аяқтаңыз. *Ұлттық байлықтың бұрынғысы, бүгінгісі, болашағы туралы жазыңыз.*

*Бұрын. Бүгін. Ертең*

*Бұрын* -----

*Қазір* -----

*Бүгінгі күні* -----

*Өткенде* -----

Былыр -----

Келешекте -----

### **3 Қазіргі заман өнертабыстары. Етістік шақтарының жіктелуі. Етістік+-ма-йын-ша, -ме-й-ін-ше, -па-й-ын-ша, -пе-й-ін-ше тіркестері арқылы қолданылуы.**

#### **ҚАЗІРГІ ЗАМАН ӨНЕРТАБЫСТАРЫ**

Кез келген елдің экономикасын дамыту үшін ғылым мен техниканы жетілдіру қажет. Әлем тез өзгереді, өнеркәсіптің дамуы да өзгеріп тұрады. Өнертабыс дегеніміз қазір бұрынғыдай күрделі дүние емес. Пайдалы және қарапайым өнертабыстар күнделікті өмірімізді жеңілдетіп, жақсартады. Мысалы, автокөліктер мен кір жуғыш машиналар өмірді жеңілдетеді; микроскоптар, компьютерлер ой-өрісті, білімді кеңейтеді; теле-радио жаңалықтардан хабардар етеді және т.б. Әдетте, өнертабыстарды адамдар бір нәрсені жеңілдету немесе ыңғайлы ету мақсатында жасайды.

Адамзат көптеген дүниелер үшін өнертапқыштарға қарыздар, өйткені біз ойлап тапқан заттарды күнделікті өмірде пайдаланамыз. Илизаров аппаратын ортопед хирург Гавриил Илизаров жасаған; Калашников автоматын Михаил Калашников, Мартен пешін Пьер Мартен, Морзе әліппесін Сэмюэль Морзе, саксофонды Адольф Сакс ойлап тапқан және т.б.

Қазіргі өнертапқыштар да осал емес. Бүгінгі компьютер, байланыс құралдары, электромобиль сияқты көптеген өнертабыстар – біздің замандастарымыздың табысы.

Отандық өнертапқыштарымыз да өздерінің үлестерін қосуда. Мысалы, қарағандылық өнертапқыш, ҚарМТУ профессоры, академик Сэнтай Жетесов «ППЖ-05 пистолет-пулеметін, СПЖ – сарбаздың қол зеңбірегін және «Нұротанк» атауын алған танкі жобасын жасаған. Ал өнертапқыш Нұрлан Төреханов жаяу жүргіншілердің жолдан өту қауіпсіздігін арттыратын жарық беретін сәулелену таяғын ойлап тапқан.

Семей мен Қызылордада бие сүтінен жасалған құрғақ қымыз өндірудің әдістері патенттелген.

Үш өлшемді басып шығару, нанотехнологиялар және робот техникалар саласында патенттер бар. Бұл патенттердің төрттен үш бөлігі Жапония, АҚШ, Германия, Франция, Ұлыбритания және Оңтүстік Корея сияқты дамыған елдердің еншісінде.

Өнертапқыштықты қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жыл сайын «Шапағат» республикалық байқауын өткізеді.

#### **Тапсырмалар:**

- 3.1. Жаңа сөздерді теріп жазыңыз, аударыңыз, мағынасын түсініңіз.
- 3.2. Әр жаңа сөзбен бірнеше сөз тіркесін құраңыз.

- 3.3. Етістік+-ма-йын-ша, -ме-й-ін-ше, -па-й-ын-ша, -пе-й-ін-ше тіркестеріне 10 мысал келтіріп, аударыңыз.
- 3.4. Сөйлемдерді бірнеше нұсқада аяқтаңыз.
- Адамдар өнертабыстарды пайдаланбайынша, . . .
  - Саксофонды ойлап таппайынша, . . .
  - Өнертапқыштар өз үлестерін қоспайынша, . . .
- 3.5. Мәтінді мазмұндаңыз.
- 3.6. «Қазіргі заман өнертабыстары». Ақпарат жазып әкелу.
- 3.7. ??????????????

#### **4 Заманауи Қазақстанның 100 жаңа есімі. Есімшенің анықтауыштық қызметі.**

##### **Заманауи Қазақстанның 100 жаңа есімі**

"Жастар өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырларына өздері иелік ете алатын азаматтар болуы үшін оларға үлгі ұсынуымыз керек"

Н.Ә.Назарбаев

2017 жылы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" мақаласы жарияланды. Осы мақалада көтерілген өзекті мәселелердің бірі – «100 жаңа есім» жобасы. "100 жаңа есім" жобасы - Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихы.

Жобаның мақсаты - Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның дамуына қомақты үлес қосқан адамдарды жариялау, лайықты жерлестерімізді көпшілікке таныту, білім және прагматизм культуын насихаттау және дамыту. Өзін сөзбен емес, іспен дәлелдеп, өзгелерге үлгі боп жүрген азаматтарды тануымыз керек. Оларды тек танып қана қоймай, жастарға үлгі ету қажет. "Әрбір адам - ол жеке роман, өз алдына бөлек фильм. Жастарды осы тәжірибенің негізінде тәрбиелеу керек. Мен ылғи айтамын, адамның мүмкіндіктері шексіз, кез келген нәрсені істеуге болады" - дейді бұл туралы Елбасымыз.

Іріктеу 100esim.el.kz сайтына онлайн дауыс беру арқылы жүзеге асырылды. Үміткерлер, негізінен, қоғамдағы барлық саланың өкілдерінен.



Олар - дәрігерлер, кәсіпкерлер, ғалымдар, мұғалімдер, спортшылар, өнер қайраткерлері, т.б. өнегелі еңбек етіп жүрген адамдар. Аталған жобаға қатысушылар саны жылдан-жылға артып келе жатыр. Биылғы, 2019 жылы жалпы тізімде 2100 адам тіркелген.

### **Тапсырмалар:**

4.1. Мәтінді оқыңыз.

4.2. Жаңа сөздермен жұмыс жасаңыз.

4.3. Берілген сөз тіркестермен сөйлемдер құрастырыңыз: *өзекті мәселе, жеке роман, үлгі боп жүрген адамдар, жобаға қатысушылар, адамның мүмкіндіктері, жерлестерімізді тану, үлгі ету.*

4.4. Мәтін бойынша сұрақтар дайындаңыз, жауаптарын жазыңыздар.

4.5. Есімшені еске түсіріңіздер. Есімшенің анықтауыштық қызметіндегі мысалдарды теріп жазыңыздар. мысалы: *көтерілген мәселе.*

4.6. Никита Амоскин мен Мыңжылқы Бердіқожаевтармен танысыңыз.

4.7. Тақырып бойынша сұхбат құрастырыңыз.

4.8. «100 жаңа есім» жобасы туралы әңгімелеңіз.

4.9. Мәтінді оқып, орыс тіліне аударыңыз.

### **Никита Амоскин – акробат, халықаралық класстағы спорт шебері, екі дүркін Азия чемпионы, спорттық акробатикадан әлем чемпионы.**

Ол 1999 жылы Қарағанды облысында туған. Қазір Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің 2 курс студенті. Никита бала кезінен спорттық акробатикамен айналысқан. Ол спорттық акробатикадан республикалық және халықаралық жарыстардың жүлдегері. Никитаның 60-тан аса марапаты бар. 2016 жылы Қытайда әлем Чемпионатында қола жүлдегері атанды, ал Польшада әлем кубогында алтын жүлдеге ие болды. 2016 жылы Никита еңбегіне лайық халықаралық класстағы спорт шебері атағын алды. Алайда жас спортшының басты жетістігі 2018 жылдың сәуірінде Бельгияның Антверпен қаласында жастар арасында аралас жұптар категориясындағы спорттық акробатикадан өткен Әлем Чемпионатының алтыны болып табылады.

4.10. Мәтінді оқып, орыс тіліне аударыңыз және қазақ тілінде түсінгеніңізді әңгімелеңіз.

### **Мыңжылқы Бердіқожаев – нейрохирург**

2006 жылы Мыңжылқы «Болашақ» президенттік бағдарламасының стипендиаты болды, Ресей, Санкт-Петербург қаласындағы С.М.Киров атындағы Әскери-медициналық академиясының клиникалық ординатурасына оқуға түседі. Ординатураны сәтті аяқтаған соң, Астанаға келіп қайтадан ашылып жатқан Республикалық нейрохирургиялық ғылыми орталықта

эндоваскулярлық нейрохирург болып мансабын бастады. 2008 жылмен 2015 жыл аралығында жұмыс атқарған уақытта 1500-ден аса бас миының тамырларына жоғары технологиялық ота жасады. 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап Мыңжылқы Сайлауұлы Алматы қаласына Совмин аурухананың нейрохирургиялық бөлімінің меңгерушісі болуға шақыртылды. Соңғы үш жылда 800-ге жуық ішкі тамыр жүйелеріне қатысты ота жасалынды және Алматы қаласында инсульттан көз жұму көрсеткішін 2% төмендетті. Бүгінгі уақытта Мыңжылқы Сайлауұлының басшылығымен нейрохирургиялық бөлімдері Қазақстанның аймақтарындағы, сонымен қатар қиыр Шығыстағы дәрігерлерді оқытатын үлкен оқыту орталығы болып табылады.

**5 БАҚ – өмір айнасы. Предикаттың күрделенген түрі («... деп», «...екен», «... -уға болады», «...-у керек», «...деді»). Етістік+ -са(-се), да, де түрінде қолданылуы.**

### **БАҚ – өмір айнасы**

Бұқаралық ақпарат құралдары дегеніміз – түрлі хабарды көпшілікке арнайы техникалық құралдар арқылы ашық әрі жария түрде жеткізу үшін құрылған ұйымдар. Бұқаралық ақпарат құралдарына: баспасөз, радио, телевизия, кино жатады. Сонымен қатар, ғылым мен техниканың ілгерілеуімен пайда болған спутниктік байланыс, Интернет желісі арқылы тарайтын түрлі ақпарат көздері де осы салаға кіреді.

Жалпы, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі олардың коммуникативтік, танымдық, ақпарат тарату, қоғамдық пікір туғызу арқылы саяси билікке ықпал ету, қадағалау, білім беру, әлеуметтендіру әрекеттерімен байланысты. БАҚ адамдардың түрлі әлеуметтік үдерістер мен оқиғалар туралы ой түйіне ықпал етеді.

БАҚ адамдарға әлеуметтік-саяси оқиғалар бойынша қалыптасқан жағдайды дұрыс бағалауға, түсінуге өзінің танымдық қызметтері арқылы көмектеседі. БАҚ азаматтарға түрлі ақпарат көздерінен алынған мәлімдемелерді дұрыс бағалауға және жүйелеуге, қарама-қайшы ақпараттар ағынында дұрыс бағдар алуға мүмкіндік береді. Әлеуметтендіру адамдардың әлеуметтік нормаларды, мәдени құндылықтарды және мінез-құлқық үлгілерін меңгеруін білдіреді және қоғамдағы әлеуметтік шындыққа бейімделуіне мүмкіндік береді. Қоғамның дамуы, түрлі ішкі және сыртқы міндеттер мен саяси-экономикалық үдерістерді мақсатты түрде реттеп, шешіп отыруы, түрлі

ұйымдармен арақатынасы, т.б күнделікті ақпарат алмасуы БАҚ-тың коммуникативтік қызметі арқылы жүзеге асады.

Қазіргі таңда БАҚ-тың жаңа жағдайда қалыптасуы мен жұмыс істеуіне саяси-экономикалық, мәдени, әлеуметтік, құқықтық негіздер ықпал етуде, оның бәрі үлкен ғылыми ізденістерді қажет етеді. Қазақстан халқының алдында жаңа жағдай, жаңа құндылықтарды қалыптастыру, оларды қоғам өміріне енгізу міндеті тұр.

БАҚ таратқан ақпарат сенімді, дәл болуы міндетті. Өйткені, халық ең алдымен ақпарат құралдары таратқан хабарларға сенеді. Сондықтан, мәлімет алынған дерек көздері нақты көрсетіліп, сілтемелер жасалуы тиіс. Сілтеменің ресми, құзырлы орынға немесе қозғалып отырған мәселе бойынша жауапты, жан-жақты мағлұматы бар тұлғаға жасалғаны абзал. Жалған ақпарат тарату Қазақстан Республикасының Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

### **Тапсырмалар:**

- 5.1. Мәтінді оқыңыз.
- 5.2. Жаңа сөздермен жұмыс жасаңыз.
- 5.3. Бұқаралық ақпарат құралдары дегеніміз не? Оның түрлерін атаңыз.
- 5.4. БАҚ-тың ақпараттық және білімдік қызметі туралы не білесіз?
- 5.5. Бүгінгі БАҚ-тың қоғамдық рөлі қандай?
- 5.6. Ақпарат көздеріне сілтеме берілуі туралы пікіріңіз.
- 5.7. Қазір ең беделді бұқаралық ақпарат құралы не деп ойлайсыз және неліктен?
- 5.8. Сіз өзіңізге мәлім ақпаратты БАҚ-тың қай түрімен таратар едіңіз?
- 5.9. Келесі сөз тіркестерінен бірнеше сөйлем құраңыз: *ақпараттар ағыны, ақпарат көзі, ой түйю, қоғамдық пікір, жалған ақпарат.*

### **5.10. Сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, сұхбат құрыңыз.**

Үлгі:


- Сіз журнал оқығанды ұнатасыз ба?
- Иә, мен түрлі журналдарды оқығанды ұнатамын.
- Журналға ғылыми мақалалар жарияланады ма?
- Егер ғылыми журнал болса, жарияланады.
- Журналға үш айға жазылдыңыз ба?
- Жоқ, бір жылға жазылдым.
- Журнал ай сайын шыға ма?
- Иә, ай сайын шығады.

Жазылу бағасы, бір жылға, әйелдерге арналған журналдар, ғылыми мақалалар, танымдық мақалалар, жазылды, журнал.

### **5.11. Сызбаны пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.**

Қандай газет-журналдар оқисыз?

Досыңыз қандай газет-журналдар оқиды?



5.12. Сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлем құрыңыз.

Оқырман, тілші, баспасөз беті, ақпараттық хабарлама, спорт жаңалықтары, халықаралық жаңалықтар.

5.13. Газет-журналдарда жарияланған белгілі тұлғаның сұхбатын оқып, сұхбатта көтерілген мәселелерді айтып беріңіз.

5.14. Пікір алысайық

Сіз газетке жарияланған жұлдықжорамалды оқисыз ба?

Жұлдызжорамалға сенесіз бе?

Сауалнамаларды оқисыз ба?

Сауалнамалардың сұрақтарына жауап бересіз бе?

Артық болмас білгенің...

24 маусым – Баспасөз, теледидар және радио күні

## **6 Көлік және логистика. Мекендік қатынастың берілуі. Мекен үстеулері (жоғары, төмен, алыс, жақын, тысқары, ілгері). Көмекші есімдердің (бойында, айналасында, сыртында, маңайында, қасында) берілуі.**

### **КӨЛІК ЖӘНЕ ЛОГИСТИКА**

Көлік – аса маңызды сала. Бұл сала жолаушылар мен жүк тасымалдауды жүзеге асырады, экономиканың инфрақұрылымын қалыптастырады. Барлық байланыс жолдары, көлік кәсіпорындары мен көлік құралдары дүниежүзілік көлік жүйесіне бірігеді.

Көлік қатынасы әсіресе дамыған елдерде жақсы жолға қойылған. Кейбір елдерде адамның, малдың күшімен жүк тасу әлі де бар. Ауғанстан, Непал сияқты елдерде теміржол мүлде жоқ. Сол сияқты, Парсы шығанағы жағалауындағы мұнай өндіруші елдер мен Мұхит аралдарында, Кариб теңізі маңайындағы кейбір елдерде де теміржол жоқ.

Көлік екі ірі тарапқа бөлінеді: өндірістік ішкі көлік және көпшілік пайдаланатын көлік. Өндірістік ішкі көлік белгілі бір кәсіпорынға қызмет. Ал көпшілік пайдаланатын көлік еңбек өнімдерін (дайын өнім, шикізат, т.б.) бір жерден екінші жерге тасымалдайды. Бұл топқа көпшілік пайдаланатын көліктің барлық түрлері жатады.

Көлік логистикасы – кәсіпорындардың жасап шығарған тауар өнімдерін тасымалдаумен айналысатын сала. Логистика саласына жер, әуе, құбыр жүйесі, кеме, теміржол сияқты тасымалдаушы көлік түрлері жатады. Оның міндеті – қысқа мерзімде жеткізу, мүліктің сапасын түсірмеу. Қазақстандағы көлік жүйесі су көлігі, теміржол көлігі, автомобиль көлігі, әуе көлігі, құбыр желісі болып бөлінеді. Су көлігі мұнай мен мұнай өнімдерін, ағаш және құрылыс материалдарын тасымалдауға тиімді. Қазір су көлігі елімізде өзен және теңіз көліктері болып бөлінеді. Өзен көлігі кеме қатынайтын өзендер мен Балқаш көлінде, ал теңіз көлігі Каспий теңізінде қызмет көрсетеді.

Темір жол көлігінің ел экономикасындағы рөлі аса маңызды. Тасымалданатын негізгі өнімдер –көмір, астық, мұнай, минералдық тыңайтқыш сияқты жүктер. Олар - автомобиль көлігімен тасымалдау тиімсіз сусымалы және сұйық жүктер.

Автомобиль көлігі – жүктерді таяу және орта қашықтыққа жедел жеткізетін тиімді көлік құралы. Әуе көлігі – әуе тасымалын орындайтын көлік түрі. Басқа көлік түрлерінен айырмашылығы – жылдамдығында.

Құбыр желісі – көлік құралдарының бірі. Сұйық, сусымалы жүктер, мұнай мен газ құбырмен тасымалданады. Жүк құбыр бойымен қысым беру арқылы жылжиды.

#### **Тапсырмалар:**

6.1. Мәтінді оқыңыз.

6.2. Жаңа сөздермен жұмыс жасаңыз.

6.3. Сұрақтарға жауап жазыңыз.

✓ Көлік қатынасы туралы не білесіз? Оның түрлерін атаңыз.

- ✓ Көлік логистикасының міндеттері қандай?
- ✓ Көлік жүйесін дамыту үшін қандай шаралар қажет?

6.4. Келесі сөз тіркестерінен бірнеше сөйлем құраңыз: *көлік құралдары, жүк тасу, көлік логистикасы, тасымалданатын өнімдер, мүлік сапасы, жеткізу мерзімі.*

6.5. Мәтіннен мекен үстеулері мен көмекші есімдерді тауып, сөйлем құрастырыңыздар.

6.6. Қазақстандағы көлік жүйесі туралы әңгімеленіз.

6.7. Жол, көлік туралы мақал-мәтелдерді еске түсіріңіз. Бір мақалдың мағынасын түсіндіріп жазыңыз.

- ✓ Желді қуған жоғалар,  
Жолды қуған оңалар.
- ✓ Жолаушыға жолдан жолдас қосылар.
- ✓ Жолаушыны жол асырайды,  
Өнерпазды қол асырайды.
- ✓ Жол болмайды асусыз,  
Той болмайды шашусыз.
- ✓ Жолға шықпас бұрын жолдасыңды сайла,  
Үй салмас бұрын көршіңді сайла.

## **7 Тәуелсіз елдің экономикасы. Себеп, қарсылықты, ыңғайлас жалғаулықтар.**

### **Тәуелсіз елдің экономикасы**

Тәуелсіз ел болудың маңызды бір шарты – өз экономиканды өзің басқару. Өзінің ішкі және сыртқы есебін өзі қадағаламаған елдің тәуелсіз болуы қиын.

Қазақстанның экономикасы нарықтық экономикаға құрылған. Ел экономикасының жетекші саласына түсті және қара металлургия жатады. Біздің жердің мысының, қорғасынының, мырышының сапасы жоғары. Сондықтан әлемдік нарықта сұранысқа ие және бәсекеге қабілетті.

Қазақстанның стратегиялық мақсаты – 2050 жылға қарай әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылу. 2014 жылы «Нұрлы жол» кешенді бағдарламасы, 2015 жылы «100 нақты қадам» деген ұлт жоспары жарияланды. 2010 жылы іске қосылған «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы 2025 жылға дейін ұзартылды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен қолға алынып отырған стратегиялық бағдарламалар, бірнеше жобалар бар. Олардың қай-қайсысы болмасын мемлекет экономикасын дамытып, елдің әлеуметтік жағдайын түзеуге бағытталған. Олардың қатарына «Дипломмен ауылға», «2019 жыл – жастар жылы», «Нұрлы жер», «Сыбайлас жемқорлықпен күрес», Қытаймен

қарым-қатынасқа негізделген «Бір белдеу – бір жол» бағдарламасы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Ауыл – ел бесігі» жобасы, т.б. жатады.

2018 жылдың 5-қазанында Елбасы Қазақстан халқына кезекті жолдауын жолдады. Жолдау «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» деп аталды. Аталған жолдауда Елбасы алдағы жоспарларға тоқтала келіп, «Бүгінгі кезеңнің де талабы оңай емес. Бірлігіміз мызғымаса, ынтымағымыз ыдырамаса, біз үшін алынбайтын асу, бағынбайтын белес болмайды» деді.

### Тапсырмалар:

- 7.1. Мәтінді тыңдаңыз.
- 7.2. Жаңа сөздермен жұмыс жасаңыз.
- 7.3. Көршіңізбен сұхбат құрастырыңыз.
- 7.4. Себеп, қарсылықты, ыңғайлас жалғаулықтарды еске түсіріңіз.
- 7.5. Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерін теріп жазыңыз: нарықтық экономика, . . . , . . . .
- 7.6. Аталған жобалар мен бағдарламалардың бірін әңгімелеп келіңіз.
- 7.7. Мәтінді сұраулы сөйлемдермен оқып шығыңыз.
- 7.8. Мәтінді мазмұндаңыз.

### 2. Сәйкестендіріңіз.

А Жауабы В 1 Қазіргі таңда ағылшын тілінің маңызы артып келеді, \_\_\_\_\_ Аөйткені ата-ана мен оқушы төменгі сыныпта өзіне керекті мектепті таңдайды.2 Британия мектептері әлемнің түкпір-түкпіріндегі оқушыларды магнит секілді тартып жатыр, \_\_\_\_\_ Әсондықтан бірінші сыныптан бастап мемлекеттік тілде емтихандар алынады. 3 Орта ғасырдан бері келе жатқан ақылы интернаттарда (Boarding School) «ақсүйектер» ұрпағы білім алады, \_\_\_\_\_ Бсебебі Университет бітірген әрбір студент бір жылда 21 мың фунт айлық алатын жұмысқа тұруы шарт.4 Оңтүстік Кореяда білім беру жүйесінің сатыларына өту емтихан балымен есептелмейді, \_\_\_\_\_ Всондықтан тезірек тіл курсына жазылуым керек 5 Германияның білім беру жүйесі демократиялық деп айта аламыз, \_\_\_\_\_ Гсебебі британиялық мектептер «біз нағыз серілерді тәрбиелеп шығарамыз» деп ұрандайды6 Францияның мектептерінде француз тіліне ерекше көңіл бөлінеді, \_\_\_\_\_ Гнеге десеніз мұндай есептер оқушының жасына байланысты анықталады.7 Оңтүстік Кореядағы білім беру деңгейі өте жоғары, \_\_\_\_\_ Дсебебі жетістікке жеткен адамдардың көпшілігі интернатта оқыған. 8 Ұлыбританияның университетінде мемлекет тарапынан оқыған студент оқуын бітірген соң кредитін төлемеуіне болады, \_\_\_\_\_ Еөйткені аз ғана оқушы үшін өте көп

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/> (1-абзац).

2. <http://www.akorda.kz> (жолдау)

## **8 Қазақстан Республикасының стратегиялық даму бағдарламалары мен жоспарлары. Қалып етістіктері. Етістік+-ғанда, -генде, -қанда, -кенде қосымшалары.**

### **Қазақстан Республикасының стратегиялық даму бағдарламалары мен жоспарлары**

Тәуелсіз ел – экономикалық, мәдени, әлеуметтік бағыттары айқын ел. Шын мәнінде, ешкімге тәуелді болмау үшін мемлекеттің өзінің даму жоспары болуы тиіс. Республикамыздың дамуына арналған бірнеше бағдарламалар мен жоспарлар бар. Ол бағдарламалар: Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы, индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама, Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасы, денсаулық сақтау саласын дамытудың «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы, тағы басқалар.

1993 жылы «Болашақ» халықаралық стипендиясы тағайындалды. Бұл бағдарлама бойынша осы уақытқа дейін әлемнің маңдайалды университеттерінде мыңдаған жас білім алды. 2016 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Серпін» бағдарламасы да ел жастарын қолдаудың бір жолы.

2017 жылдың сәуір айында Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарияланды. Осы мақаладан кейін «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қолға алынды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында бірнеше бағдарламалар мен жобалар жүзеге асырылып жатыр. Олар – «100 жаңа кітап», «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобалары, «Туған жер» бағдарламасы.

«Туған жер» бағдарламасы - туған еліміздің тарихын тануға арналған бағдарлама. Елбасы жергілікті биліктің бұл бағдарламаны жинақылықпен және жүйелілікпен қолға алуын тапсырды. Бұдан өзге «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар бар. Олар ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы.

### **Тапсырмалар:**

8.1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, жазыңыз, оқыңыз, мағынасын түсініңіз.

<i>әлеуметтік - социальный</i>	<i>Бағдар – ориентир</i>
<i>бағыт - направление</i>	<i>Бағдарлама аясында – в рамках программы</i>
<i>айқын – ясный, четкий</i>	<i>Тарихты тану – познать историю</i>
<i>тілдерді қолдану – употребление языков</i>	<i>Жергілікті билік – местный власть</i>



<i>денсаулық сақтау – здравохранение, беречь здоровье</i>	<i>Жинақылықпен – с аккуратностью, аккуратно</i>
<i>тағайындалды – был назначен</i>	<i>Жүйелілікпен – системно</i>
<i>маңдайалды – лучший</i>	<i>Қолға алу – заниматься</i>
<i>2016 жылдан бері – с 2016-го года</i>	<i>Келісім – согласие</i>
<i>Қолдау – поддерживать, поддержка</i>	<i>Даярлаудың қамы – забота о подготовке</i>

- 8.2. Жаңа сөздермен жұмыс жасаңыз.
- 8.3. Аталған бағдарламалардың не жобалардың бірі туралы бейнематериал көріңіз.
- 8.4. Қалып етістіктерін еске түсіріңіз.
- 8.5. Мәтіннен бірнеше сөйлемді «етістік+-ғанда, -генде, -қанда, -кенде» формасында жазып шығыңыз.
- 8.6. Жағдаяттық тапсырма. Сіз тілшісіз. Аталған жобалардың біріне қатысушыдан сұхбат алыңыз.
- 8.7. Қазақстан Республикасының стратегиялық даму бағдарламалары мен жоспарлары туралы әңгімелеңіз.

## **9 Қазақстан қарулы күштері. Мақсат мәнді сөйлем.**

### **Қазақстан қарулы күштері**

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері Елбасының 1992 жылдың 7 мамырындағы Жарлығына сәйкес құрылды. Осы күні еліміздің аумағындағы КСРО (Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы) әскери күштерінің есебіндегі әртүрлі нысандар Қазақстан құзыретіне берілді. Содан бергі аралықта ел әскерін қалыптастыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді.

Бүгінде Қарулы Күштеріміз үш түрлі құрылымнан тұрады. Олар: Құрлықтағы әскер, Әуе қорғанысы күштері және Әскери-теңіз күштері. Мемлекеттің аумақтық қорғаныс саласын біріктіру үшін Қарулы Күштер құрамындағы аумақтық әскерлердің басқару органы пайда болды. Құрылымның барлық сатылары қамтыла отырып, еліміздің әскери оқу орындары арқылы мамандар дайындау ісі жолға қойылды. Қарулы Күштеріміздің сапасын жоғары деңгейге көтеру үшін саланы заманауи стандарттарға, әлемдік тәжірибелерге сай дамыту басты міндеттердің бірі болып саналады.

Қазақстан Қарулы Күштерінің әлеуеті тәуелсіздік жылдарында әскерімізді заманауи қару-жарақпен, озық үлгідегі әскери техникамен қамтамасыз етілді. Құрлықтағы әскерлер үшін брондалған машиналар мен бронды транспортерлер, заманауи радиоэлектронды барлау техникалары,

ракеталық-артиллерия қару-жарағы, ауыр оқ ату жүйелері, ұялы байланыс кешендері, радиациялық, химиялық және биологиялық қатерлерден қорғайтын отандық машиналар, жанар-жағармай тасымалдайтын техникалар, далалық госпитальдар алынды. Ал Әуе қорғаныс күштері заманауи жойғыш, әскери-көліктік және оқу-жаттығуға арналған ұшақтармен, тікұшақтармен толықтырылды. Әуе шабуылына қарсы қорғаныс жүйесінің техникалық паркі жаңартылды. Әуе кеңістігі шекараларын қорғау үшін жаңа зениттік-ракеталық және отандық «Нұр» радиотехникалық кешендері орнатылды. Қазақстанға Каспийдің теңіз шекарасының ең ұзын бөлігі тиесілі. Оны қорғау мақсатында Әскери-теңіз күштері құрылған. Қазіргі таңда елімізде әскери маңызы зор корабльдер мен кемелерді шығару жолға қойылған.

Республика Ұланы 1992 жылы Қазақстан Президентіне бағынатын жеке әскери құрама және Қарулы Күштердің резерві ретінде құрылды. Ол әскери құрама болып табылады. Оған мынадай міндеттер жүктелген: Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметімен өзара іс-қимыл жасай отырып, Мемлекет басшысының, экс-президенттер мен олардың отбасыларының және Президент бекіткен тізімге енген Қазақстан және шет елдердің лауазымды адамдарының біздің еліміздің аумағындағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету; тізбесін ҚР Президенті айқындайтын аса маңызды мемлекеттік нысандарды күзету; өз құзіреті шегінде терроризмге қарсы операцияларға қатысу; ҚР Мемлекеттік туы мен ҚР Мемлекеттік елтаңбасының эталондарын күзету; хаттамалық іс-шараларды өткізу кезінде ҚР мерекелері мен салтанаттарында дәстүрлік рәсімдердің атқарылуына қатысу; әскери және төтенше жағдай режимі кезінде ҚР заңдарында көзделген тәртіппен іс-шараларды жүзеге асыру.

### **Тапсырмалар:**

#### **Мәтінге дейін жұмыс.**

#### **9.1. Әңгімелесу сұрақтары.**

- а) Қарулы Күштер не үшін қажет?
- ә) Ертеде елді қорғау үшін ерлер қандай қару жарақтарды қолданды?
- б) ҚарМТУ-да қандай әскери мамандар дайындады?

#### **II. Мәтінмен тікелей жұмыс.**

#### **9.2. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, жазыңыз, оқыңыз, мағынасын түсініңіз.**

Қарулы Күштері - Вооруженные силы

Құрлықтағы әскер - Сухопутные войска

Әуе қорғанысы - Воздушная оборона

Әскери-теңіз күштері - Военно-морские силы

заманауи жойғыш - современный истребитель

Күзет қызметі - Служба охраны

қауіпсіздігін қамтамасыз ету - обеспечения безопасности

әскери және төтенше жағдай - военные и чрезвычайные положение

#### **9.3. Жаңа сөздермен және жаңа сөз тіркестерімен сөйлем құрастырындар.**

#### **9.4. Мәтінді студенттердің оқуы.**

### 9.5. Мәтін бойынша ауызша сөйлесу.

а) Ел әскерін қалыптастыру жұмыстары жүйелі түрде қашаннан бері жүргізіледі?

ә) ҚР Қарулы Күштері неше құрылымнан тұрады, және қандай қару-жарақпен, техникамен қамтамасыз етілген?

б) Республика Ұланы қашан және қандай қызмет атқару үшін құрылды?

### 9.6. Тілдік материалды игерту жұмысы.

а) мәтіннің ішінен етістіктерді тауып, мақсат мәнді сөйлем құрастырындар.

## 10. Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп . . . Етістік + (а, е, й) алу + модаль етістіктер шақ, жақ формалары арқылы жасалуы.

### Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп . . .

Махаббатпен жаратқан адамзатты,  
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.  
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,  
Және хақ жолы осы деп әділетті.

Абай Құнанбайұлы

«Құндылық» деген сөзді естігенде ойыңызға не келеді? Құнды заттар, құнды ақпарат, адамның құнды қасиеттері. Әр нәрсенің өз құндылығы бар. Сол сияқты адами қасиеттер де құндылыққа жатады.

Сіз өзіңізді ақылды, парасатты, инабатты, адамгершілігі мол адаммын деп ойлауыңыз мүмкін. Сіздің айналысатын шаруаңыз, шығармашылығыңыз бар. Сіз өз отбасыңызды, Отаныңызды, жақын адамдарыңызды жақсы көресіз. Мұның барлығы адами құндылыққа жатады. Сіздің болмысыңыз бен сырт келбетіңіз де құндылықтың бір түрі.

Философ ақын Абай Құнанбайұлы «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген өлеңінде үш сүю туралы айтады. Біріншісі, жаратқанды сүй, екіншісі, адамды сүй, үшіншісі, әділетті, адалдықты сүй.

Құндылықтар туралы алғашқы түсінік ежелгі грек ғалымы Сократтан бастау алады. Сократ үшін құндылық «адамның өмірді бағалауы» екен. Ал Аристотель «жақсылық», «игілік» ұғымдарын жағымды мінез-құлықты, рухани құндылықты бейнелеуде қолданды.

Адам өмірінде адамгершілік қасиеттер маңызды рөлге ие. Жүрегі таза, ниеті түзу адам өзіне өзі сияқты адамдарды тартады. Қазіргі психологияда адамның ойы оның бүкіл өмірінің себепшісі деген түсінік бар. «Барлық әрекетті адамның ойы жасайды», яғни ойы таза адам таза, дұрыс әрекет етеді. Ойы тұман болса, ол адамның әрекетінде де қателіктер болады.

### Тапсырмалар:

10.1. «Құндылық» сөзіне ассоциация жазыңыз.

10.2. Ассоциаттарды топтастырып көріңіз.

10.3. Сұрақтарға жауап беріңіз:

- Адами құндылық дегенге ең маңызды қандай 3 сөзді жазар едіңіз?
- Адами құндылыққа тағы қандай қасиеттерді жатқыза аласыз?
- Сіздің бойыңызда қандай адамгершілік қасиеттер бар?

10.4. Мәтінді тыңдаңыз.

10.5. Жаңа сөздермен жұмыс жасаңыз.

10.6. Тақырып бойынша көршіңізбен сұхбаттасыңыз.

10.7. Кестені толтырыңыз. *Етістік + (а, е, й) алу + модаль етістіктер* формасына қай бағандағы сөздерді жатқызуға болады? Осы кестені әрі қарай жалғастырыңыз.

	Етістік + (а, е, й) алу + модаль етістіктер
Біреудің қуанышын бөлісу	
Жақсы ойлау	
Іштарлық танытпау	
...	

10.8. Мәтінді мазмұндаңыз.

10.9. Берілген мысалдарды пайдаланып, сөйлемдеріңіздегі етістіктің шақтарына көңіл аударыңыз.

«Жұлдызы жарасқан», «айдарынан жел ескен», «қабағынан қар жауды», «көңілі көлдей», « бетегеден биік, жусаннан аласа», «жаны жаз», «ай десе - аузы бар, күн десе – көзі бар», «гүл өссе – жердің көркі, қыз өссе – елдің көркі».

10.10. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңыз.

Өзін мәдениеттімін, білімді әрі іскермін деп ойлайтын әрбір азамат өз елінің тарихын, экономикасын бес саусағындай білуі керек. Жеке адамның, жанұяның, бүкіл қоғамның барлық тірлігі экономикадан тұрады. Экономика - бұл адам еңбегінің нәтижесін көрсететін ұғым. Ел басшыларының мәдени және экономикалық интеграция шартына қол қоюы үлкен жауапкершілікті талап етеді. Экономикалық саясатты дұрыс жүргізу керек. Экономикалық білім, экономикалық сауаттылық адамға өте қажет.

## **11 Демография – ұлт тағдыры. Сан-мөлшер категориясы. Жинақтық, топтау, болжалдық сан есімдердің берілуі.**

### **Демография – ұлт тағдыры**

**Демография** (грекше демос — халық) — белгілі бір халықтың, ұлттың, ұлыстың, этникалық топтың санын, құрамы мен құрылымын, аумаққа бөлінуін, өсу не кему динамикасын зерттейтін әлеуметтік ғылым саласы.

Демографиялық саясатты іске асыру кезінде мемлекеттік өкімет органдарының алдында мынадай міндеттер тұр:

- өсіп-өнуді қоса алғанда, халықтың денсаулық жағдайын жақсарту;
- өлімді азайту және соның көрінісі ретінде өмірдің ұзақтығын ұлғайту;
- тууды тұрақтандыру және оны болашақта ұрпақтарды толық алмастыруды және халықты ұдайы көбейтудің кеңейтілген режимін қамтамасыз ететін деңгейге дейін арттыру;
- отбасының тыныс-тіршілігі жағдайын жақсарту, отбасы-неке қатынастарын нығайту;
- көші-қон процестерін реттеу;
- қоғам және жеке адам деңгейінде халықтың денсаулығы үшін жауапкершілікті арттыру;
- экологиялық зілзаланың жағымсыз зардаптарын жеңу.

Ұлттық халық санағы елімізде әр 10 жыл сайын өткізіледі.

Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша Қазақстан Республикасы халқының саны 2000 жылдың 1 қаңтарында 14896,1 мың адамды құрады. 1993 жылдың басымен салыстырғанда, халықтың саны 1530,4 мың адамға немесе 9,3 пайызға кеміді.

Халық өмірінің орташа ұзақтығы 1998 жылы 64,4 жасты құраса, 2018ж. Қазақстандықтардың өмір сүру ұзақтығы 72,3-ті құрады.

Үшінші халық санағы 2019 жылы Қазақстанда өтетін басты оқиға ұлттық халық санағы болмақ. Билік қазақстандықтардың санын жаңа әдіспен есептегелі отыр. Халық санағына Қазақстанның барлық азаматы, соның ішінде кәмелетке толмағандар, елде уақытша тұратындар мен шетелге уақытша кеткендер, шетелдіктер, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар да қатысады. Бұған қоса, үнемі шетелде тұратын қазақстандықтар да есепке алынады.

Бұл жолы жалпыға бірдей халық санағы әдеттегідей қағаз түрінде емес, электронды форматта өтеді. Ол үшін қазақстандықтар статистика комитеті іске қосатын сайтқа кіріп, 89 сұраққа жауап беруі тиіс. Оның ішінде 45 сұрақ – азаматтардың жеке мәліметтері мен алдағы жоспарларына қатысты. Халық санағы екі кезеңнен тұрады деп жоспарланып отыр. Алғашқысы мамыр-маусым айларында, екіншісі қарашада өтпек. Санақ электронды форматта өтсе де, ұйымдастырушылар 30 мың еріктіні жұмысқа тартпақ. Олар планшетпен үй-үйді аралайтын болады.

Санаққа мемлекет бюджетінен 8,8 миллиард теңге жұмсалады деп жоспарлануда.

Ұлттық халық санағы елімізде әр 10 жыл сайын өткізіледі. Қазір елімізде халық саны – 18 миллион 393 мыңнан астам.

## **Тапсырмалар:**

## **I. Мәтінге дейін жұмыс.**

### **11.1. Әңгімелесу сұрақтары.**

- а) Халық санағы қай жылдардан басталды?
- ә) Қазақ халқының саны азаюы не себептен?
- б) Демографияны көбейтудің тетігі неде?

## **II. Мәтінмен тікелей жұмыс.**

- 11.2. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, жазыңыз, оқыңыз, мағынасын түсініңіз.
- 11.3. Демография нені зерттейді?
- 11.4. Демографиялық саясаттың міндеттері ?
- 11.5. Мәтіндегі сан есімдерді категориясына қарай бөлек теріп, дәптерлеріңізге жазыңыздар.
- 11.6. Мәтіндегі сан есімдерді жинақтық, топтау және болжалдық сан есімдерге айналдырып, солардан он сөйлем құрастырыңыздар.

### **Жағдаяттық тапсырма**

Сіздің қызметіңізді өсіру үшін білікті маман ретінде сізді ең нашар кәсіпорынға басшы қызметіне тағайындады, бірақ бұл кәсіпорынның көп қарызы бар, мамандары істі сіз ойлағандай жүргізе алмайды, сыбайлас-жемқорлық орын алған. Сіз жұмысты неден бастар едіңіз?

11.7. Қазақ халқында жеті, тоғыз, қырық сандары қасиетті сандар болып есептеледі. Қасиетті сандар туралы сіз не білесіз, мәліметті толықтырыңыз.

Жеті күн:

Жеті қазына:

Төрт құбыла:

Үш ғайып:

Үш арсыз:

Үш байлық:

Жеті ғашық:

Жеті ата:

Төрт маусым:

Үш алыс:

Үш қуат:

Үш қазына:

11.8. Көп нүктенің орнына қажетті сан есімдерді қойып жазыңыз.

Бір жылда ... күн, ... сағат бар. Наурыз мерекесі әр жылда наурыз айының ... жұлдызында аталып өтеді. Қазақстан ... жылы тәуелсіздігін алды. Қазақстанда ... мемлекеттік қорық бар. Қазақстан жер көлемі бойынша әлемде ... орында. «Дүниежүзілік Сауда» ұйымына мүше мемлекеттер саны ... асады. Соңғы мәліметтер бойынша Қазақстан халқының саны ... жетті.

11.9. Берілген есептік сан есімдерді жинақтық, топтау, болжалдық сан есімдерге айналдырыңыз.

1,3,5, 9, 10, 22, 16, 100, 52, 84, 56.

## 12 Латын әліпбиі – өркениет жолы. Ғылыми терминдер.

### Ресми-іскери стиль.

#### Латын әліпбиі – өркениет жолы

Сөзі жоқ халықтың өзі де жоқ.

Ахмет Байтұрсынұлы

Scientia potentia est.

(Білім – күш/Знание - сила)

Латын мақалы

Латын әліпбиі әлемде кеңінен қолданылады. Біздің заманымыздан бұрынғы 7 ғасырда Римде грек және этрус әліпбиінің тармағы ретінде пайда болып, біздің заманымыздың бірінші ғасырында қалыптасты. Орта ғасырда Латын әліпбиі Еуропаға тарады, Африка, Америка және Азия халықтары пайдаланды. Латын сөздерін оқуға негізделген әріп таңбалары қалыптасты. Қазіргі латын әліпбиінде 25 әріп бар.

1929 жылға дейін Қазақстанда араб жазуы пайдаланылды. 1929 жылдан 1940 жылға дейін латындандырылған жаңа әліпби – «біртұтас түркі алфавиті» енгізілді. 1940 жылдан «орыс графикасына негізделген жаңа әліпбиге» көшірілді.

Латынға Түркия 1928 жылы көшсе, Өзбекстан, Әзірбайжан КСРО ыдырағаннан кейін ауысты. Латын әліпбиіне көшу Қазақстанның тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан кейін қолға алынды.

Латын әліпбиі бізге не береді? 1. Дүниежүзі халықтарының 80 пайызы латын әліпбиіне көшкен. Әлемдік өркениетке жол ашылады. 2. Латын тілі – жаңа технология тілі, ғаламтор тілі. 3. Бүгінгі күні әлемнің әр түкпірінде 5 миллионға жуық қазақ тұрады. Олардың 80 пайызы латын тілін қолданады. 4. 1929-1940 жылдары латын әліпбиінде жаздық. Сол кездегі ұлы тұлғаларымыздың шығармаларын оқи аламыз. 5. Қазіргі қазақ тіліндегі орфография мен орфоэпияның біраз мәселелеріне жауап табылады.

### Тапсырмалар:

12.1. Сұрақтарға жауап беріңіз:

- Латын тілі қандай тіл?
- Бүгінгі күні латын тілі қайда қолданылады?
- Латын тіліне қандай елдер көшкен?
- Не себепті латын тіліне көшу мәселесі өзекті?
- Сіз латын тілін білесіз бе?

12.2. Мәтінді тыңдаңыз.

12.3. Мәтінді оқыңыз.

- 12.4. Жаңа сөздермен жұмыс жасаңыз.
- 12.5. Сөйлемдерді толықтырыңыз.
- Түркия латын тіліне 1928 жылы көшті, ал . . .
  - Латын тіліне көшу Қазақстан үшін маңызды, өйткені . . .
  - Жазу тілі қашан да маңызды, себебі . . .
- 12.6. Латын әліпбиімен танысыңыз.
- 12.7. Осы мәтінді латын әліпбиімен жазып көріңіз.
- 12.8. Ғылыми терминдерді, ресми-іскери тілді еске түсіріңіз. Баспасөз беттерінен мысалдар жазып әкеліңіз.
- 12.9. Латын әліпбиі туралы тың ақпараттарды қолдана отырып, әңгімелеңіз.

Латын графикасына негізделген қазақ тілі  
ӘЛІПБИІ

№	Жазылуы	Дыбысталуы	№	Жазылуы	Дыбысталуы
1	A a	[a]	17	Ń ń	[ɲ]
2	Á á	[ə]	18	O o	[o]
3	B b	[b]	19	Ó ó	[o]
4	D d	[d]	20	P p	[p]
5	E e	[e]	21	Q q	[q]
6	F f	[f]	22	R r	[r]
7	G g	[g]	23	S s	[s]
8	Ĝ ĝ	[ɣ]	24	T t	[t]
9	H h	[x], [h]	25	U u	[y]
10	I i	[i]	26	Ú ú	[y]
11	ı ı	[u], [ü]	27	V v	[v]
12	J j	[ʒ]	28	Y y	[ɣ]
13	K k	[k]	29	Ý ý	[y]
14	L l	[l]	30	Z z	[z]
15	M m	[m]	31	Sh sh	[ʃ]
16	N n	[n]	32	Ch ch	[tʃ]

<https://e-history.kz/kz/publications/view/3467> <https://massaget.kz>

**13 Кәсіби тіл ерекшелігі. Ойды жеткізудің дәнекерлеуші тілдік құралдары (сонымен байланысты, соған, бірақ, дегенмен, соның**



**нәтижесінде). Мен ... етістік+барыс септік+тиісті+жіктік жалғауы  
тіркесінің 3 жақта түрленіп қолданылуы.**

**Кәсіби тіл ерекшелігі**

Тіл адамдардың бір-бірімен пікір алысып, қарым-қатынас жасайтын құралы.

Болашақ маманның тілдік құзыреттілігі мектеп қабырғасында қалыптасады. Жоғары оқу орындарында практикалық және кәсіби қазақ тілі сабақтарында мамандықтарына сәйкес коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру мен дамытудың маңызы зор. Коммуникативтік құзыреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі.

Бүгінгі таңда өзекті де тиімді саналып отырған қазақ тілін деңгейлік оқыту технологиясы тіл үйренудің, тілді оқытудың ең жоғарғы нәтижесі студентті кәсіби маман ретінде тілдесімге шыға алатындай мақсат пен міндетке бағыттталып отыр. Осы арқылы жоғары білікті, кәсіби құзіретті маман дайындау.

Қазір республикамызда қазақ тілін мамандыққа бейімдей оқыту даму сатысында. Қазақ тілін кәсіби салада оқыту мәселесін де қоғам өміріндегі қажеттіліктер туындатып отыр. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесі нығая түскен сайын, келешекте де түрлі салалардағы кәсіби қазақ тілінің маңызы артады. Себебі, жақсы маман болумен қатар, тілдік білімі толысқан, бірнеше тілде соның ішінде мемлекеттік тілде кәсіби сөйлей алатын маманның компания, мекеме, мелекеттік қызмет және қоғам үшін де алар орны, көтерер абыройы бөлек.

**13.1. Сұрақтарға жауап беріңіз:**

Сіздің ана тіліңіз \_\_\_\_\_

Мемлекеттік тілді білу деңгейіңіз \_\_\_\_\_

Кәсібіме сәйкес тіл білуім: \_\_\_\_\_

Әлі де білгім келетіні: \_\_\_\_\_

13.2. Мәтінді тыңдаңыз.

13.3. Мәтінді оқыңыз.

13.4. Жаңа сөздермен жұмыс жасаңыз.

13.5. Мамандығыңызға байланысты терминдерді қолданып, бірнеше сөйлем құраңыз.

13.6. Тілдің ерекшелігін көрсетіп, жауап **жазыңыз**.

Тіл арқылы \_\_\_\_\_ танымыз.

13.7. Тіл туралы мақал-мәтел мен қанатты сөз жазыңыз.

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_

13.8. Тіл туралы ойды толықтырыңыз.

Халықтың сақталуы тілге байланысты, өйткені \_\_\_\_\_

Үкімет тарапынан үш тілді оқытуға басты назар аударылуда, өйткені \_\_\_\_

13.9. Сөйлемді (*сонымен байланысты, соған қарамастан, бірақ, дегенмен, соның нәтижесінде, ойды қорытындылай келе*) дәнекерлеуші тілдік құралдарымен құрастырыңыз.

Үлгі: *Сабақ аяқталуға бір ай бар, соған қарамастан*, мен ерте емтихан тапсырып кеттім.

13.10. Берілген сөздерді жіктеңіз: Мемлекеттік тілде сөйлеймін, жазамын, оқимын.

#### **14 Салалық және кәсіби бағдарлы терминдер. Тұрақты тілдік оралымдар.**

##### **Салалық және кәсіби бағдарлы терминдер**

Тіл – адам қолданатын құралдың ең маңыздысы. Тіл – ұлттың болмысын, менталитетін көрсететін айна. Тіл бірнеше қызметті атқарады. Оның негізгісі - коммуникативтік қызмет. Яғни адам мен адамның қарым-қатынасын орнатады. Тіл - ғылымның даму көрсеткіші. Тіл кәсіби бағдарлы қолданылғанда белгілі бір саланың жекелеген терминдері анықталады. Тілдегі терминдер ғылым мен техниканың, кәсіби салалардың, өндірістік салалардың дамуын бейнелейді.

Термин - тілдің өзгеше категориясы. Себебі терминсіз, терминологиялық жүйесіз бірде-бір ғылымның дамуы мүмкін емес.

Тілдегі терминдер Қазақстан Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясымен реттеліп отырады. Республикалық терминологиялық комиссия ҚР Үкіметінің 1998 жылғы қаулысымен бекітілді. Аталған комиссия салалар бойынша терминдерді заңдастырып, бекітіп отырады.

Термин сөздер ғылымның барлық саласында кездеседі:

1.Әдебиет пен өнерге байланысты терминдер: *роман, театр, филармония, актер, образ, дирижер, режиссер.*

2.Лингвистикаға байланысты терминдер: *лексика, фонетика, морфология, синтаксис, омоним, орфография, архаизм, бастауыш, баяндауыш т.б.*

3.Спортқа байланысты терминдер: *футбол, баскетбол, волейбол, хоккей, шахмат, бокс, акробат т.б.*

4. Ғылымға байланысты терминдер: *математика, синус, биссектриса, көбейту, косинус, химия, азот, хлор, азон т.б.*

Қосымша: Интернационалдық термин – әлемнің көптеген елдерінде бір атаумен қолданылатын термин. Мысалы, *фонетика, грамматика, экология, бизнес т.б.*

### **Тапсырмалар:**

- 14.1. Мәтінді тыңдаңыз.
- 14.2. Мәтінді оқыңыз.
- 14.3. Жаңа сөздерді теріп жазып, олармен жұмыс жасаңыз.
- 14.4. Мәтін бойынша сұрақтар дайындаңыз.
- 14.5. Мәтінді болымсыз формада және сұраулы сөйлем түрінде оқып шығыңыз.
- 14.6. Салалық терминдерге мысал келтіріңіз.
- 14.7. Қазіргі ғылымдағы ең жаңа терминдерге мысалдарды жазып келіңіз.
- 14.8. Тұрақты тіркестерді еске түсіріңіз.
- 14.9. Салалық және кәсіби бағдарлы терминдер туралы әңгімеленіңіз.

<https://stud.kz/referat/show/23035>

## **15 Кәсіби мәтін ерекшелігі. Тұрақты тіркестер, ауызекі сөйлеу стилі.**

### **Кәсіби мәтін ерекшелігі**

Қазіргі нарықтың талабына сай болашақ бәсекелес мамандарды даярлау мақсатында студенттерге үздіксіз білім беру, оларды оқыту, әсіресе мемлекеттік тілді кәсіби тілде үйрету маңызды болып табылады. Өйткені, болашақта мемлекеттің саясатын, оның ішінде мемлекеттік тіл саясатын жүргізетіндер, тілдік орта құрайтындар, оны ары қарай жетілдіретіндер де жас буын - жастар.

Кәсіби тіл - белгілі бір мамандық, не кәсіп саласы шеңберінде жиі қолданылатын тілдік құрылымдар жиынтығы.

Кәсіби тіл - өз саласына сай терминологиясы, кәсіби-ғылыми ұғымдық аппараты бар, сөз қолданысы мен тіркесуінде қалыптасқан нормалары бар тіл болып табылады.

Қазіргі қоғамның алдындағы негізгі мақсаттарының бірі - биік кәсіби іскерлігі адамгершілік қасиетпен ұштасып жататын шығармашыл тұлғаларды дайындау. Соған байланысты жаңа ағымға сай білікті мамандар даярлау, оқытудың сапасын жоғары дәрежеге көтеру, кәсіби мамандықтарға негізделген білім беру үшін, жаңа инновациялық технологияларды пайдаланып, оқытуға ерекше назар аударылуда.

### **Тапсырмалар:**

- 15.1. Жаңа сөздерді теріп жазыңыз, аударыңыз, мағынасын түсініңіз.

15.2. Әр жаңа сөзбен бірнеше сөз тіркесін құраңыз.

15.3. Мәтінді мазмұндаңыз.

15.4. Келесі ойын түрлеріне берілген сипаттамада қолданылған тұрақты сөз тіркестерін тауып, оны лексикалық вариантпен алмастырыңыз. Қандай ойын түріне қатысты айтылғанын табыңыз.

1. Жолдастық кездесуде қарсыласты алдай алмасына көзі жеткен соң, қарымта шабуыл ұйымдастырып, нәтижесінде қарсыластың қақпасына 3-допты көз ілестірмес жылдамдықпен салып жіберді.

2. Істі насырға шаптырмай, төреші мұз үстіндегілерді ажыратып жіберді.

3. Бірінші сәт көзді ашып-жұмғанша тез өтіп кетті.

4. Жүрегінің түгі бар, жүрек жұтқан адам ғана кәсіби аренада үздік спорт шеберлерімен қолғап түйістіре алады.

5. Бұл жарыста қазақстандық мергендердің жолы болмады.б.

Соңғы кездері ағалы-қарындас екі спортшының аты шығып, беделі арта түсті.

7. Қазіргі кезде спорттың бұл түрінен қытайлықтарға ешкім пар келмейді.

8. Спорттың бұл түрімен Пекіндегі олимпиадалық ойындарда америкалықтар бірнеше алтын медальді қанжығаларына байлады.

15.5. 1-бағандағы сөздерді 2-бағандағы сөздермен дұрыс байланыстырыңыз.

Ішінен өзіңізге ұнаған біреуіне сипаттама беріңіз.

гитара	жүзу		
домбыра	оқу		
марка	баптау		
би	тарту		
шахмат	ойнау		
кітап	жинау		
шаңғы	шығу		
бильярд	салу		
суда	тарту	+ ?	ӘУЕСТЕНУ
саяхатқа	ойнау	(қандай жалғау керек?)	
сурет	тебу		
ән	айту		
сөзжұмбақ	билеу		
балық	аулау		
ит	асырау		
құс	ойнау		
ат	салу		
көкпар	шешу		

15.6. Берілген мәтінді оқыңыз. Жан-жақты жүргізілген зерттеулер Microsoft және оның ақылды, талантты да дарынды қожайынының керемет жетістігінің басты 10 сырын анықтады.

### **Билл Гейтстің басты 10 құпиясы**

Бірінші құпия. Керекті уақытта және керекті жерде болу. Microsoft жетістіктерін сирек кездесетін бақ деп санауға болмайды. Гейтс IBM мен келіссөздер жасаудың маңызды екенін түсінді. Ол персоналды компьютердің тарихын өзгерте алатынын ұқты және алты ай бойы «жолы болғыш» атану үшін тынбай еңбек етті.

Екінші құпия. Техникаға ғашық болу. Microsoft компаниясының негізгі, басты жетістігі Гейтстің техникалық білімі еді. Ол осы салаға байланысты маңызды шешімдерді өзі қабылдады. Көп жағдайда ол бәсекелестеріне қарағанда технологияның даму бағытының болашағын көре білді. Сондықтан да оны дарынды басшы дейтін болар, бәлкім.\

Үшінші құпия. Тұтқындарды алмау. Гейтс – өте қатал бәсекелес. Үнемі тек жеңіске жетуді мақсат етеді. Оған дәлел, мысалы, келіссөздер жүргізу кезінде өте мейірімсіз болады екен. Бәсекелес компанияда жұмыс істеген адамдарды жұмысқа алмайды.

Төртінші құпия. Жұмысқа тек ақылдыларды алу. Бастапқы кезден-ақ Гейтс компания ең ақылдыларды, дарындыларды қызықтыру керек деген болатын. Бұл сөз кей топтарға ұнамады, алайда қолдаған топтар да болды. Мысалы, колледжді бітірген дарынды студенттер өз мамандығы бойынша жұмысқа тұра алатын.

Бесінші құпия. Үнемі дайындықта болу. Microsoft-та Гейтс тынымсыз, өз бетімен үйрететін мәшине жасап шығарды. Оның ойынша, қателік жасауды болдырмайтын жалғыз – осы жол. Оның бәсекелестері осындай қарапайым нәрселерді ойламайды.6

Алтыншы құпия. Алғысты күтпеу. Гейтс бай адам болғың келсе, көп еңбектену керек, бұл жолда бәсекелестер өте көп болады дейді. Қысқасы, жауларың көп болмай, бай адам бола алмайсың.

Жетінші құпия. Алдын ала болжай білу. Билл Гейтс бизнес-көшбасшысының жаңа бейнесі. Көп жылдар бойы ол өзін компьютерлік индустриядағы болжағыш екенін дәлелдеп келді.

Сегізінші құпия. Жан-жақты болу. Microsoft жетістігінің негізі - көп көлемді жобаларды бір уақытта басқара білу қабілеті. Гейтсті «жан-жақты адам» деп атайды, ол бір уақытта әртүрлі техникалық тақырыптарға бірнеше әңгіме жүргізе алады екен. Бұның өзі компания басшысының керемет қабілетті екенін көрсететін болар, сірә...

Тоғызыншы құпия. Байт өлшемі бойынша бизнес жасау. Microsoft салыстырмалы түрде үлкен компания емес. Басқарушы топқа қолайлы жағдай жасау үшін оны ұсақ компанияларға бөлінеді. Гейтстің ойынша, компания қарапайым құрылымды болса, оны толық бақылауда ұстау жеңіл болады.

Оныншы құпия. Доптан көзді алмау. Гейтс жиырма жыл бойы биікте тұр. Осы уақыт аралығында әлемнің ең бай және атақты адамына айналды. Байлығы мен жетістігіне қарамастан, Гейтс тоқтап қалған емес. Оның сөздері бойынша, ол «үлкен істі» өткізіп алғысы келмейді. Ол басқа IBM, Apple сияқты компьютерлік компаниялардың қателіктерін қайталағысы келмейді.

15.7. Мәтінді қайта оқыңыз. Сіз қалай ойлайсыз? Топтасыңызбен сөйлесіңіз.

1. «жолы болғыш» атану үшін тынбай еңбек етті. Сіздің «жолыңыз болғыш» па? Өміріңізде қашан жолым болды деп айтатын жағдай болды?
2. Сіз өз жұмысыңызды жақсы көресіз бе? Әңгіме кейіпкері сияқты өз жұмысыңызға ғашық бола аласыз ба? Иә/ Жоқ. Неге?
3. Егер сіз басшы болсаңыз, қандай басшы боласыз? Қатал ма? Мейірімді ме?
4. Қысқасы, жауларың көп болмай, бай адам бола алмайсың. Ал сіздің жауларыңыз бар ма? Сіз осы тұжырыммен келісесіз бе?
5. Сіз жан-жақты адамсыз ба? Егер иә десеніз, қалай дәлелдейсіз?

## Мазмұны

Алғы сөз.....	
3	

### I БӨЛІМ

1. Жеке тұлға. Зат есімнің септік жүйесі. Қабыса, матаса байланысқан зат есімді тіркестер.....	4
2. Отбасындағы сыйластық. Жалпы және жалқы зат есімдер. Көптік жалғаулы сөздің тәуелденуі.....	6
3. Менің мамандығым – менің болашағым. Есімдіктер, олардың түрлері және септелу ерекшеліктері.....	9
4. Қоғам және жастар. Салыстыру құрылымдары.....	12
5. Бірінші байлық – денсаулық. Ұлттық тағамның пайдасы. Жалқы және жалпы, деректі және дерексіз ұғымдар.....	15
6. Экологиялық таза өнім. Іс-қимылдың объектісі, табыс септік жалғауының түсіріліп қолданылуы, күрделі сөздер (сүт өнімдері, ауылшаруашылығы, қоршаған орта).....	18
7. Өз өлкеңді таны. Жалпы және жалқы зат есімдер. Деректі және дерексіз ұғымдардың атауы. Күрделі атауларда тәуелдік жалғауының қолданылуы.....	21
8. Табиғат құбылыстары. Мезгіл мағыналы сөздер (қыс, көктем, түсте, кеш батқанда), салыстыру құрылымдарын берудегі қолданысы.....	24
9. Ұлы мәртебелі уақыт. Іс-қимылдың басталу, аяқталу мерзімі, адам жасының кезеңдерін білдіру, объектілік/субъектілік қатынастарды салыстыру.....	26
10. Театр және кино өнері. Жалпылау есімдіктері.....	29
11. Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат. Есімдіктер және олардың септелу ерекшеліктері, жіктеу есімдіктері.....	34
12. Киім. Сән. Талғам. Сын-бейне үстеулері (әрең, бірте-бірте, ақырындап), мөлшер үстеулері (біраз, айтарлықтай, бірен-саран).....	37
13. Проза және поэзия. Себеп-салдар, ыңғайластық жалғаулықтар (бастап, бері, кейін, сонымен, сондықтан, себебі, өйткені, сол себепті, алайда, қарағанда, салыстырғанда).....	40
14. Атамекен – құт мекен. Реттік сан есім мен зат есімнің тіркесі. Күрделі сан есім.....	42
15. Қазіргі заманауи үйлер. Көмекші есімдер (айналасында, сыртында, маңайында). Күшейткіш мәнді сөздер (нағыз, керемет, теңдессіз).....	47

## II БӨЛІМ

1. Ел болашағы – білімді ұрпақта. Заттың (жақ, тарап) анықтамасы (Қазақстан жастары). Салыстыру құрылымдарының берілуі. Іс-қимылдың мекені.....  
49
2. Мен жастарға сенемін. Дағы/-дегі, тағы/-тегі формасы (анықтауыштық мағынасы).....  
51
3. Қазіргі заман өнертабыстары. Етістік шақтарының жіктелуі. Етістік+-майын-ша, -ме-й-ін-ше, -па-й-ын-ша, -пе-й-ін-ше тіркестері арқылы қолданылуы.....  
54
4. Заманауи Қазақстанның 100 жаңа есімі. Есімшенің анықтауыштық қызметі.....  
56
5. БАҚ – өмір айнасы. Предикаттың күрделенген түрі («... деп», «... екен», «... -уға болады», «...-у керек», «...деді»). Етістік+ -са(-се), да, де түрінде қолданылуы.....  
58
6. Көлік және логистика. Мекендік қатынастың берілуі. Мекен үстеулері (жоғары, төмен, алыс, жақын, тысқары, ілгері).....  
60
7. Тәуелсіз елдің экономикасы. Себеп, қарсылықты, ыңғайлас жалғаулықтар.....  
62
8. Қазақстан Республикасының стратегиялық даму бағдарламалары мен жоспарлары. Қалып етістіктері. Етістік+-ғанда, -генде, -қанда, -кенде қосымшалары.....
9. Қазақстан қарулы күштері. Мақсат мәнді сөйлем.....  
65
10. Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп . . . Етістік + (а, е, й) алу + модаль етістіктер шақ, жақ формалары арқылы жасалуы.....  
66
11. Демография – ұлт тағдыры. Сан-мөлшер категориясы. Жинақтық, топтау, болжалдық сан есімдердің берілуі.....  
68
12. Латын әліпбиі – өркениет жолы. Ғылыми терминдер..... 70
13. Кәсіби тіл ерекшелігі. Ойды жеткізудің дәнекерлеуші тілдік құралдары (сонымен байланысты, соған, бірақ, дегенмен, соның нәтижесінде). Мен ... етістік+барыс септік+тиісті+жіктік жалғауы тіркесінің 3 жақта түрленіп қолданылуы..... 72



14. Салалық және кәсіби бағдарлы терминдер. Тұрақты тілдік оралымдар.....	74
15. Кәсіби мәтін ерекшелігі. Тұрақты тіркестер, ауызекі сөйлеу стилі.....	75
Әдебиеттер тізімі.....	81

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (B-1 деңгейі). Оқу құралы. – Қарағанды: Тенгри баспаханасы, 2014– 132 б.
- 2 Айтбаева Б.М., Абдрахманова Г.Х., Кельдиярова Б.А. Қазақ тілі. Оқу-әдістемелік кешен. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. – 101 б.
- 3 Әлібек Г. Қазақ тілі(орта деңгейге арналған). Оқу құралы. – Астана, 2009. – 127 б.
- 4 Авторлар ұжымы. Қазақ тілі. Оқулық. – Алматы: Экономика, 2013. – 492 б.
- 5 Бектаев Қ. Сөздік. – Алматы, 2001 ж.-704 бет.
- 6 Бектурова А.Ш., Бектуров Ш.К. Казахский язык для всех. – Алматы: Атамұра, 2004. – 720 с.
- 7 Жекеева К.О., Абдрахманова Қ.Ж., Қанафина Ф.Қ. Қазақ тілі. Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2010. – 376 б.
- 8 Кеңесбаев І.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977 ж.-712 бет.11.
- 9 ҚР СТ 1929-2015 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Орта деңгей. Жалпы меңгеру». – Астана, 2015 ж.
- 10 Қазақ тілін оқытуға арналған бірүлгі бағдарлама. – Астана, 2016 ж.
- 11 Қазақ тілін базалық деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы. – Астана, 2011 ж.
- 12 Қазақ тілін орта деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы. – Астана, 2011 ж.
- 13 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. -784 бет.
- 14 Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы,1998.-509 бет.
- 15 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2008 ж. -968 бет.10.
- 16 Қазақтың мақал-мәтелдері./ құраст.: М.Қ. Рахметова. – Алматы, «Көшпенділер», 2007 ж.-240 бет.12.
- 17 Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана, «Елорда», 2000 ж.-532 бет.
- 18 Төлеуп М.М., З.С.Советова. Қазақ тілі. Техникалық оқу орны студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: АУЭС, 2015. – 192 б.

Жекеева Кенжетай Омаровна

## ҚАЗАҚ ТІЛІ

Оқу құралы

Редактор

Басуға \_\_\_\_ . \_\_\_\_ . \_\_\_\_ ж. қол қойды.  
Таралымы \_\_\_\_\_ дана. Пішіні \_\_\_\_\_

Баспаханалық қағаз № \_\_\_\_\_  
Есептік - баспа табағы № \_\_\_\_\_ тапсырыс  
Бағасы \_\_\_\_\_ теңге.

«АЭжБУ» коммерциялық емес АҚ  
Алматы қ, Байтұрсынұлы көшесі, 126

«Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының көшірмелі-  
көбейткіш бюросы  
Алматы қ., Байтұрсынұлы көшесі, 126

